

«Қазақстан қор биржасы» АҚ

Жекелеген қаржылық есеп берушілік

*2021 жыл үшін
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Басшылықтың 2021 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп.....	1
Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп.....	4

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты.....	5
2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	9
4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар.....	21
5. Комиссиялық кірістер	22
6. Пайыздық кірістер	23
7. Операциялық шығыстар.....	23
8. Салық салу.....	24
9. Акцияға пайда	25
10. Ақша қаражаты мен оның баламалары.....	25
11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат және кері репо операциялары	26
12. Орталық контрагенттің қаржы активтері мен міндеттемелері	26
13. Иниестициялық бағалы қағаздар.....	26
14. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	27
15. Қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар	27
16. Негізгі құралдар	28
17. Материалдық емес активтер	29
18. Берілген аванстар.....	30
19. Өзге активтер мен міндеттемелер	30
20. Клирингілік қатысушылардың қаражаты	30
21. Жарғылық капитал.....	31
22. Шарттық және шартты міндеттемелер	32
23. Тәуекелдерді басқару саясаты	33
24. Әділ құнды бағалау.....	39
25. Қаржы құралдарын өзара есепке алу	42
26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	43
27. Байланысты тараптармен операциялар.....	44
28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	45

Басшылықтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы күн соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қозғалысы мен меншікті капиталының өзгеруін шынайы етіп көрсететін жекелеген қаржылық есеп берушіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға ақпаратты түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайына немесе қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Компания басшылығы сондай-ақ:


- Компаниядағы ішкі бақылаудың сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қамтамасыз етуге;
- Компания мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есеп берушіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Компания актинтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға;
- қаржылық және басқа асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есеп берушілікті Компания басшылығы 2022 жылғы 20 сәуірде шығаруға бекітті.

Басшылықтың атынан


А.Ө. Алдамберген
Басқарма төрағасы




С.У. Ақымбекова
Бас бухгалтер

2022 жылғы 20 сәуір

Алматы, Қазақстан



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdoqz.com
www.bdoqz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Бухар Жырау, 23
Алматы, Қазақстан
A15A0E2

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdoqz.com
www.bdoqz.com

"BDO Kazakhstan" LLP
23 Bukhar Zhyrau Ave.
Almaty, Kazakhstan
A15A0E2

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Қазақстан қор биржасы» АҚ акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Аудит нәтижесі бойынша қорытынды

Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2022 жылдың 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша жекелеген қаржылық есеп берушіліктен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталындағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша құралдарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ, есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша сипаттамадан және өзге де түсіндірмелі ескертулерден тұратын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - Компания) қаржылық есеп берушілік аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есеп берушілік барлық елеулі қатынастарда 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс ұсынады.

Пікір білдіру үшін негіздеме

Біз қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз қорытындымыздың бұдан әрі қарайғы «Аудитордың қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге жауапкершілігі» тарауында сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық стандарт жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне (БХСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге қолданылатын этика талаптарына сәйкес, Компанияға тәуелді емеспіз және аталған талаптарға және Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес, біз өзіміздің өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

Басқа ақпарат

Басшылық басқа да ақпарат үшін жауапты болып табылады. Басқа да ақпаратқа жылдық есепте бар ақпарат кіреді, бірақ қаржы есептілігі мен оған біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін ұсынылады. Біздің жекелеген қаржы есеп берушілігі туралы пікіріміз басқа ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің жекелеген қаржы есеп берушілігіне аудит жүргізуімізбен байланысты біздің міндетіміз басқа ақпаратпен танысу және осымен қатар басқа ақпарат пен қаржы есептілік немесе аудит барысында біз алған біліміміздің арасында маңызды сәйкессіздік бар ма және басқа да ақпаратта өзге де мүмкін айтарлықтай бұрмалаушылықтар бар ма деген сұрақты қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы басқа ақпараттың айтарлықтай бұрмаланғаны туралы қорытындыға келсек, біз бұл туралы корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.



Басшылықтың, корпоративтік басқаруға, жекелеген қаржылық есеп берушілікке жауап беретін тұлғалардың жауаптылығы

Компания басшылығы ХҚЕС-ке сәйкес, жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ, Компания жетекшілігі жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан маңызды бұрмалаулар болмайтын жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауаптылықта болады.

Жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде жетекшілік Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есеп берушілікті құрастыруға жауаптылықта болады.

Корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғалар Компанияның жекелеген қаржылық есеп берушілігін даярлауды қадағалауға жауаптылықта болады.

Жекелеген қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы

Біздің мақсатымыз жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан жекелеген қаржылық есеп берушіліктің мазмұнында және біздің пікіріміз қамтылатын тексеру қорытындысын шығаруда маңызды бұрмалаулар жоқ екеніне орынды сенімділікке қол жеткізу. Орынды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар жеке-жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есеп берушілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз тұтас аудит бойында кәсіби пайымды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есеп берушіліктің маңызды бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді өзіміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.

Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз іс-әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзіміз мақсатында, бірақ, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, тексеру үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және жетекшілік дайындаған ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз;
- қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды жетекшіліктің қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындығы келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есеп берушіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс. Біздің қорытындымыз аудиторлық қорытынды жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар мен жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, тұтас қаржылық есеп берушілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ, қаржылық есеп берушілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде, аудит процесінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

Аудитор

Т. А. Омаров



Қазақстан Республикасының білікті аудиторы.

Аудиторлар палатасының Қазақстан

Республикасының аудиторлығына

кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік

комиссиясымен 1996 жылдың 29 сәуірде

берілген № ҚМ – 0000237 аудитордың біліктілік

күелігі

Директор

Т. А. Омаров



«BDO Kazakhstan» ЖШС

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің 2021

жылдың 22 қазанда берген № 24030362

мемлекеттік лицензиясы.

2022 жылдың 20 сәуірі

Алматы қ.


ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші***(мың қазақстандық теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Комиссиялық кірістер	5	4.188.017	3.107.929
Пайыздық кірістер	6	3.067.027	2.473.034
Несиелік зиян бойынша шығыстар		(121.157)	(18.192)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда/(зиян)		6.220	3.198
Дивидендтерден түскен кіріс		13.977	3.941
Өзге кірістер		10.943	5.108
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын инвестициялардан түскен кіріс		621	-
Операциялық кірістер		7.165.648	5.575.018
Операциялық шығыстар	7	(2.865.416)	(2.452.857)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		4.300.232	3.122.161
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	8	(385.019)	(238.686)
Бір жылғы пайда		3.915.213	2.883.475
Өзге жиынтық кіріс			
<i>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын өзге жиынтық кіріс</i>			
Негізгі құралдарды қайта бағалау	16	-	(72.216)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша зиян		-	(13)
Өзге жиынтық кірістің құрамдастарына жататын корпоративтік табыс салығы		-	(6.038)
Салықтарды шегергендегі бір жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс		-	(78.267)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		3.915.213	2.805.208
Бір акцияға есептегендегі пайда			
Базалық және бөлінген (теңгемен)	9	3.641,28	2.945,44

«Қазақстан қор биржасы» АҚ басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:


А.Ө. Алдамбергін
 Басқарма төрағасы
 2022 жылғы 20 сәуір

Алматы, Қазақстан


С.У. Ақымбекова
 Бас бухгалтер


5-46 бет аралығындағы ескертпелер осы жекелеген қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші***(мың қазақстандық теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	10	64.426.157	46.790.176
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	11	–	1.296.477
Кері репо операциялары	11	4.214.269	–
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	12	4.245.575.870	1.425.047.691
Инвестициялық бағалы қағаздар	13	34.379.343	29.142.517
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	14	21.053	21.053
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар	1	12.852	12.852
Қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар	15	90.537	91.548
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		78.295	11.476
Негізгі құралдар	16	1.407.315	1.345.416
Материалдық емес активтер	17	1.293.999	1.016.864
Берілген аванстар	18	574.519	661.896
Өзге активтер	19	461.090	327.291
Активтер жиыны		4.352.535.299	1.505.765.257
Міндеттемелер			
Клирингке қатысушылардың қаражаты	20	86.830.269	64.690.851
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	12	4.245.575.870	1.425.047.691
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	8	191.506	131.773
Алынған аванстар		50.423	31.071
Басқа міндеттемелер	19	195.522	85.745
Міндеттемелер жиыны		4.332.843.590	1.489.987.131
Капитал			
Жарғылық капитал	21	4.189.030	4.189.030
Меншікті сатып алынған акциялар	21	–	–
Әділ құн резерві	21	–	–
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	21	90.986	100.833
Резервтік қор	21	3.170.000	3.170.000
Бөлінбеген пайда		12.241.693	8.318.263
Капитал жиыны		19.691.709	15.778.126
Міндеттемелер мен капитал жиыны		4.352.535.299	1.505.765.257

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылға арналған жекелеген қаржылық есеп берушілікке сәйкес келмейді, өйткені олар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2-ескертеде келтірілген қайта жіктеуді көрсетеді.


«Қазақстан қор биржасы» АҚ басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:


А.Ө. Алдамберген
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 20 сәуір

Алматы, Қазақстан




С.У. Ақымбекова
Бас бухгалтер

5-46 бет аралығындағы ескертпелер осы жекелеген қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші***(мың қазақстандық теңгемен)*

<i>Ескер.</i>	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Меншікті сатып алынған акциялар</i>	<i>Әділ құн резерві</i>	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Резервтік қор</i>	<i>Бөлінбеген пайда</i>	<i>Капитал жиыны</i>
2019 жылғы 1 қаңтар	2.661.775	(62.076)	13	179.490	1.750.000	6.854.385	11.383.587
Бір жылдағы пайда	—	—	—	—	—	2.883.475	2.883.475
Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс	—	—	(13)	(78.254)	—	—	(78.267)
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	—	—	(13)	(78.254)	—	2.883.475	2.805.208
Жарғылық капиталды ұлғайту	21 1.527.255	62.076	—	—	—	—	1.589.331
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	21 —	—	—	(403)	—	403	—
Резервтік қорды ұлғайту	21 —	—	—	—	1.420.000	(1.420.000)	—
2020 жылғы 31 желтоқсан	4.189.030	—	—	100.833	3.170.000	8.318.263	15.778.126
Бір жылдағы пайда	—	—	—	—	—	3.915.213	3.915.213
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	—	—	—	—	—	3.915.213	3.915.213
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	21 —	—	—	(9.847)	—	9.847	—
Активтерді қайта жіктеу	2 —	—	—	—	—	(1.630)	(1.630)
2021 жылғы 31 желтоқсан	4.189.030	—	—	90.986	3.170.000	12.241.693	19.691.709

«Қазақстан қор биржасы» АҚ басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:


 А.Ө. Алдамберген
 Басқарма төрағасы
 2022 жылғы 20 сәуір
 Алматы, Қазақстан


 С.У. Ақымбекова
 Бас бухгалтер

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші***(мың қазақстандық теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		4.300.232	3.122.261
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыру үшін түзетулер:			
Несиелік залалдар бойынша шығыстар		121.157	18.192
Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал		-	934
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыс		59.733	-
Таза бағамдық айырмашылықтар		-	(1.349)
Дивидендтер бойынша кірістер		(13.977)	(3.941)
Есептелген пайыздық кірістер		(3.067.027)	(2.473.034)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	7	315.357	236.079
Қауымдасқан компанияға қатысудан түсетін кіріс		(621)	-
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
<i>Операциялық активтердің таза азаюы/(көбеюі)</i>			
Кері репо операциялары		4.214.269	1.953.000
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		1.296.476	81.567
Берілген аванстар		87.377	(657.862)
Өзге активтер		(200.616)	(205.628)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза өсуі / (азаяуы)</i>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты		17.555.900	30.780.323
Алынған аванстар		19.352	(17.277)
Өзге міндеттемелер		109.777	(283.831)
Алынған пайыздар		351.308	462.047
Төленген корпоративтік табыс салығы		(380.074)	(178.046)
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі / (жұмсалуды)		24.768.623	32.833.335
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу	16	(174.621)	(129.059)
Материалдық емес активтерді сатып алу	17	(426.697)	(418.708)
Материалдық емес активтердің құрамына капиталдандырылатын шығындар	17	(53.073)	(6.008)
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түсетін түсімді шегергендегі инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(8.074.028)	(8.360.741)
Алынған дивидендтер		13.977	3.941
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		(8.714.442)	(8.910.575)
Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары			
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түсетін түсімдер	21	-	1.589.331
Қаржы қызметі бойынша ақша қаражатының таза түсімі		-	1.589.331
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		1.658.731	1.048.712
Күтілетін несиелік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	10	(76.931)	(14.190)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		17.635.981	26.546.613
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		46.790.176	20.243.563
Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	10	64.426.157	46.790.176

«Қазақстан қор биржасы» АҚ басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:


 А.Ө. Алдамбергелі
 Басқарма төрағасы
 2022 жылғы 20 сәуір
 Алматы, Қазақстан




 С.У. Ақпәбібекова
 Бас бухгалтер

5-46 бет аралығындағы ескертпелер осы жекелеген қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

1. Қызметінің сипаты

«Қазақстан қор биржасы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания», «Биржа») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1993 жылдың 17 қарашада құрылды.

Қазіргі уақытта Компания Алматы қаласы Әділет департаменті Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 2004 жылдың 7 қаңтардағы №1952-1910-01-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Компанияның бағалы қағаздар нарығындағы қызметі келесі лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті берген 2012 жылдың 19 шілдедегі № 4.2.3/1 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия. Лицензия бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын береді:
 - бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру қызметі;
 - бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг Қызметі;
- 2) Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылдың 30 қаңтардағы №4.3.8 ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия. лицензия келесі банк операцияларын жасау құқығын береді:
 - банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемдері мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
 - заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
 - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» көп функциялы кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Биржаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құнды қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру болып табылады.

Биржаның ілеспе қызметінің түрлері қаржы аспаптарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ақпараттық және өзге қызмет көрсетулер бойынша қызмет болып табылады.

2021 жылдың 31 желтоқсан және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы күндер соңындағы жағдай бойынша солардың әр қайсысына орналастырылған акциялардың жалпы санының 5%-дан астамын құрайтын көлемде Компанияның жай акциялары тиесілі болатын акционерлер, былайша білдірілген:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан, %</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан, %</i>
Акционерлер		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ	46,99	43,89
«Московская Биржа ММВБ-РТС» Жария акционерлік қоғамы	13,10	13,10
«Коммекс-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ	7,64	7,64
«Қазақстан халық банкі» АҚ	6,79	6,79
«Bolashaq Trade Group» ЖШС	5,02	5,02
Басқалары (жеке-жеке 5% кеміне иелік ететін)	20,46	23,56
Жиыны	100,00	100,00

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Заң») 84-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері болып табылатын жағдайды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционерінің өзінің үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі орналастырылған акциялардың жалпы санының 20% аспауға тиіс.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

1. Қызметінің сипаты (жалғасы)

2021 жылдың 31 желтоқсанда және 2020 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компанияға бақылаушы тарабы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») болып табылады.

Төменде 2021 жылдың 31 желтоқсандағы және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйым туралы ақпарат көрсетілген:

Атауы	Қызметті жүргізу елі	Қызмет түрі	2021 жылдың 31 желтоқсан Иелену/ дауыс үлесі, %	2020 жылдың 31 желтоқсан	
				Жарғылық капиталға салым	Иелену/ дауыс үлесі, % Жарғылық капиталға салым
«eTrade.kz» ЖШС	Қазақстан	Ақпараттық технологиялар	100	12.852 12.852	100 12.852

Төменде 2021 жылдың 31 желтоқсандағы және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан компания туралы ақпарат берілген:

Атауы	Қызметті жүргізу елі	Қызмет түрі	2021 жылдың 31 желтоқсан Иелену/ дауыс үлесі, %	2020 жылдың 31 желтоқсан	
				Жарғылық капиталға салым	Иелену/ дауыс үлесі, % Жарғылық капиталға салым
«РТРС» ЖШС	Қазақстан	Жалға беру бойынша қызметтер	50	135.000 135.000	50 135.000

2021 жылы «РТРС» ЖШС қорытынды пайдасы 1.242 мың теңгені құрады (2020 жылы - қорытынды шығын 1.894 мың теңге). 2021 жылдың 31 желтоқсанда қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны 90.537 мың теңгені (2020 жылдың 31 желтоқсанда – 91.548 мың теңге) құрады.

2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері**Жалпы бөлім**

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі — «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткен қағидатты қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді. Мысалы, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері және негізгі құралдар (топтар: ғимарат, жер, көлік құралдары) әділ құны бойынша бағаланды.

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілік Компания мен оның еншілес ұйымдының шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне қосымша шығарылды. Компанияның шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі Компания басшылығымен шығарылуға 2022 жылдың 20 сәуірде бекітілді.

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілік бір акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі — «теңге») көрсетілген.

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілік Компания жұмыс істеп тұрған ұйым болып табылады және өз қызметін алдағы болашақта үздіксіз жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып дайындалған.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері (жалғасы)

COVID-19 пандемиясының әсері

Covid-19 ауруы алғаш рет 2019 жылдың соңына дейін тіркелген. 2020 жылдың 11 наурызында ДДҰ covid-19 індетін пандемия деп жариялады. Вакциналардың тез және уақтылы дамуына қарамастан, 2021 жылы коронавирус планетада мутацияны және таралуын жалғастырды.

Covid-19 ауруы бүкіл әлемдік экономикаға айтарлықтай әсер етті. Көптеген елдер миллиондаған адамдардың сапар шегуіне шектеулер енгізіп, көптеген аймақтарда карантиндік шаралар да енгізілді. Бизнес айтарлықтай шығындарға және жеткізу тізбегінің бұзылуына ұшырады. Кейбір елдер оқшаулау режимін әлсірете бастады, бірақ бұл процесс кезең-кезеңмен жүзеге асырылды және кәсіпорындардың бұзылуына байланысты миллиондаған жұмысшылар жұмысынан айрылды. Covid-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі қаржы және шикізат нарықтарында айтарлықтай құбылмалылыққа әкелді. Көптеген елдердің үкіметтері зардап шеккен ұйымдарға қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету шаралары туралы жариялады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі Covid-19 ауруының өршуі нәтижесінде экономикалық көрсеткіштердің айтарлықтай нашарлауына жол бермеу үшін қолдау шараларын қабылдады. Бұл шараларға, басқалармен қатар, зардап шеккен салаларда жұмыс істейтін ұйымдар мен зардап шеккен адамдар үшін жеңілдетілген несиелер, несиелік демалыстар және қаржы секторын және оның ресурстарын қамтамасыз ету және клиенттерге covid-19 таралуын болдырмау шаралары нәтижесінде өтімді қаражаттың жетіспеушілігін болдырмауға көмектесетін белгілі бір нормативтік шектеулерді жеңілдету кіреді.

Covid-19 пандемиясына қатысты жағдайға байланысты ұйымдар мынадай аспектілерге қатысты ақпаратты есепке алуға және ашуға қойылатын талаптарды қарауға тиіс: қызметтің үздіксіздігі, қаржы құралдары, қаржылық емес активтердің құнсыздануын бағалау, мемлекеттік субсидиялар, пайдаға салынатын салықтар, сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер, жалдау шарттары, сақтандыру төлемдері, ауыртпалықты шарттар бойынша бағалау міндеттемелері, әділ құнды бағалау, есепті кезеңнен кейінгі түсімді, қорларды, оқиғаларды тану, қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашуға қойылатын өзге де талаптар және өзге де бухгалтерлік бағалар. Covid-19 пандемиясы активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді. Сондықтан, ұйымдар қаржылық есеп берушілікті пайдаланушыларға қаржылық есеп берушілігінде қолданылатын пікірлерді түсінуге көмектесу үшін қосымша ақпаратты ашып көрсету қажеттілігін мұқият талдауы керек. ХҚЕС бойынша қаржылық есеп берушілігі Covid-19 пандемиясы салдарының әсері едәуір дәрежеде ұйым қызметінің сипатына және ұйымның осындай ықпалға ұшырау дәрежесіне байланысты болғандықтан, ықтимал әсер ұсынылған деректерінде көрсетілмеген.

Компания басшылығының бағалауына сәйкес, бұл жағдай Компания қызметінің тоқтатылуына әкеп соқпауы тиіс. Алайда, жағдай тез өзгеріп отырады және оның қазіргі уақытта Компанияның қызметіне тигізетін әсерін сенімді бағалау мүмкін емес.

Бағалаудың белгісіздігі

Ақпарат 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолжетімді болған шамада, Компания КНЗ-ны бағалау, қаржы құралдарының әділ құнын бағалау кезінде күтілетін келешек ақша ағындарының қайта қаралған бағалауларын көрсетті.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

2. Қаржылық есеп берушілікті дайындау негіздері (жалғасы)**Қайта жіктеулер**

2021 жылы Компания активті жіктеуді, атап айтқанда сатуға арналған ретінде «РТРС» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесін тоқтатты, өйткені ХҚЕС-ке (IFRS 5) сәйкес осы активті сатуға арналған ретінде тануға мүмкіндік беретін критерийлер қанағаттандырылмады. Компания басшылығы осы активті іске асыру ниетінен бас тарту туралы шешім қабылдады, өйткені басшылық жақын болашақта «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен мәміле жасауды екіталай оқиға деп санайды.

Төменде, егер актив, атап айтқанда «РТРС» ЖШС жарғылық капиталындағы үлес, Компания 28 ХҚЕС (IAS) сәйкес қауымдасқан компанияға салынған инвестиция ретінде ескерілетін болса, түзетулер ұсынылған:

2020 жылдың 1 қаңтарға

<i>Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп</i>	<i>Алдыңғы есеп берушілікке сәйкес</i>	<i>Қайта жіктеу сомасы</i>	<i>Түзетілген сома</i>
Активтер			
Сатуға арналған активтер	92.495	(92.495)	-
Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар	-	92.495	92.495
Активтер жиыны	92.495	-	92.495

2020 жылдың 31 желтоқсанға

<i>Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп</i>	<i>Алдыңғы есеп берушілікке сәйкес</i>	<i>Қайта жіктеу сомасы</i>	<i>Түзетілген сома</i>
Активтер			
Сатуға арналған активтер	91.548	(91.548)	-
Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар	-	91.548	91.548
Активтер жиыны	91.548	-	91.548

Жиынтық жылдық кіріс туралы есепте, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте және 2020 жылдың капиталдағы өзгерістер туралы есепте ұсынылған деректерге түзетулер сомалардың абсолюттік болмауына байланысты жүргізілген жоқ.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Жаңа ХҚЕС қолдану, ХҚЕС түсіндірмелері және ХҚЕС түзетулері

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2021 жылдың 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа ХҚЕС және ХҚЕС интерпретацияларында белгіленген қағидаттарды қоспағанда, Компанияның 2020 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жекелеген қаржылық есеп берушілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген ХҚЕС-ке қандай да бір басқа ХҚЕС-ті, түзетулер мен түсіндірулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Компания 2021 жылы ХҚЕС-ке төменде санамаланған түзетулерді алғаш рет қолданды, бұл ретте оның жекелеген қаржылық есеп берушілігіне әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4, ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетулері – «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы, 2-кезеңі»

Түзетулер ақша ұсынысының банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы, іс жүзінде тәуекелсіз, пайыздық мөлшерлемені ауыстырылған жағдайда қаржылық есептілік бойынша салдарларды жою үшін қолданылатын уақытша босатуларды ұсынады. Түзетулер мыналарды қарастырады:

- негізгі пайыздық мөлшерлемені реформалаумен тікелей талап етілетін келісім-шарт немесе ақша ағындарының өзгерістері нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне балама өзгермелі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылатын практикалық сипаттағы жеңілдетуді;
- базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау талап етілетін өзгерістерді хеджирлеу қатынастарын айқындауға және хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға хеджирлеу қатынастарын тоқтатпай енгізуге жол берілуін;
- тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал хеджирлеу қатынастары шеңберінде тәуекелдік компонент ретінде компанияның қалауы бойынша анықталған жағдайларда компанияларға жеке сәйкестендірілетін компоненттерге қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер»

2020 жылдың 28 мамырда ХҚЕС Кеңесі 16 «Жалдау» ХҚЕС-ке (IFRS) түзету жалға алушылар үшін Covid-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалға беру бойынша басқаға беру жағдайында жалдау шарттарының түрленуін есепке алу бөлігінде осы стандарттың талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипаттағы жеңілдету ретінде жалға алушы жалға беруші Covid-19 пандемиясына, жалдау шартының өзгеруіне байланысты жалға беруші берген жалдау бойынша жеңілдіктің бар-жоғын талдауға шешім қабылдауы мүмкін. Осындай шешім қабылдаған жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдікке байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін, егер ол жалдау шартының модификациясы болмаса, осы стандартқа сәйкес есепте қалай көрінетініне ұқсас ескеруі керек.

Түзету 2021 жылдың 30 маусымына дейін қолданылуы керек еді, бірақ 2021 жылдың 31 наурызда Covid-19 пандемиясының жалғасуына байланысты ХҚЕС жөніндегі Кеңесі аталған жеңілдетудің қолдану мерзімін 2022 жылдың 30 маусымына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Жаңа ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері және әлі күшіне енген ХҚЕС түзетулері

ХҚЕС Кеңесі шығарған және 2022 жылдың 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын болашақ есеп беру кезеңдерінде күшіне енетін бірқатар ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері мен ХҚЕС түзетулері бар. Солардың ішінде ең маңыздысы мыналар болып табылады:

ХҚЕС (IAS) 37 түзетулер – «Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға арналған шығындар»

2022 жылдың 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IAS) 37 «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 68-тармағына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес шартты орындауға арналған шығындар осы шартқа тікелей байланысты және төмендегі шығындарды қамтиды:

- осы Шартты орындау үшін қосымша шығындар, мысалы, еңбек пен материалдарға тікелей шығындар
- осы Шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген өзге де шығындар, мысалы, орындау үшін пайдаланылатын негізгі құралдар объектісінің амортизациясы бойынша шығыстардың бөлінген бөлігі, өзге шарттардың ішіндегі осы шарт.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жаңа ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері және әлі күшіне енбеген ХҚЕС түзетулері (жалғасы)

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – «Негізгі құралдар – мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

2022 жылдың 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» жаңартылған редакциясына сәйкес Компания осы объектіні мақсаты бойынша пайдалануға дайындаған уақытта осы объектіні пайдалана отырып өндірілген бұйымдарды сатудан компания алған соманы негізгі құралдар объектісінің құнынан шегеруге тыйым салынады. Оның орнына, компания осындай өнімдерді сатудан түскен кірісті және пайда немесе шығын құрамындағы тиісті шығындарды тануы керек.

1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым»

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету ХҚЕС-ті алғаш қолданатын компаниялар үшін шығындарды қысқарту үшін осы стандарттың D16(a) тармағында көзделген жинақталған бағамдық айырмаларға босатуды кеңейтеді.

9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тест» өткізу кезіндегі комиссиялық сыйақы»

2022 жылдың 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 жаңартылған редакциясына сәйкес «Қаржы құралдары» комиссиялық сыйақының шамасын айқындау кезінде қарыз алушы басқа тараптардың атынан қарыз алушы немесе кредитор төлеген не алған сомаларды қоса алғанда, қарыз алушы немесе кредитор төлеген не алған комиссиялық сыйақының сомаларын ғана ескереді.

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер»

2022 жылдың 1 қаңтардан бастап «Бизнес бірлестіктері» 3 ХҚЕС-те (IFRS) сатып алушы ретінде сәйкестендірілген біріктіруші ұйымдардың бірі сатып алынған активті немесе қабылданған міндеттемені не құрайтынын анықтау үшін 2018 жылы шығарылған қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алуға тиіс сілтеме жаңартылды. Осы күннен бастап ерекшелік енгізіліп, оған сәйкес осы стандартты қолданатын компаниялар міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің кейбір түрлері үшін қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерінің орнына «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37 ХҚЕС (IAS) басшылыққа алуы тиіс. Басқарма осы стандарттағы міндеттеменің анықтамасы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерінің соңғы нұсқасындағы анықтамадан өзгеше болғанға дейін осы ерекшелік 37 ХҚЕС-те (IAS) қалады деп күтеді.

17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енуінің және 1 ХҚЕС (IAS) түзетулерінің ауысуы

2020 жылдың наурызда ХҚЕС Кеңесі «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) 2023 жылдың 1 қаңтарға дейін күшіне енуін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады.

2020 жылдың сәуірде ХҚЕС Кеңесі «Қаржылық есептілікті ұсыну» – «міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» 1 ХҚЕС (IAS) түзетулерінің күшіне ену күнін 2022 жылдың 1 қаңтардан 2023 жылдың 1 қаңтарға ауыстыруды шешті.

Компания ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері және ХҚЕС Кеңесі шығарған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС түзетулері оның қызметіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Тану күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін Өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша актиатер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаты

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- БЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Компания туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаларын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Компанияның бизнес-модельді келесі бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына қалайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйақы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Компанияның бизнес-модельін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Компания үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Компания бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен гана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Компания шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен гана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконттың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Компания пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

Кей уақытта Компания кейбір инвестициялар үлестік құралдарға бастапқы мойындалған кезде, оның күшін кейіннен айыру құқығынсыз, оларды БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» 32 ХҚЕС (IA5) сай үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және саудаға арналмаса, шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар (жалғасы)

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен зиян ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейді. Дивидендтер, Компания мұндай құралдың бастапқы құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян құрамында басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Мұндай құралдар есептен шығарылған кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін айрықша жағдайлардан басқа, қаржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2021 жылы Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктемеді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы және басқа кредиттік ұйымдардағы қаражат жатады.

«Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есеп берушілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте бейнеленуі жалғастырылады және контрагенттің шарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «репо» шарттары бойынша кепілзат есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте «репо» шарттары ретінде көрсетіледі. Бағалы қағаздарды кері сату (кері «репо») шарттары бойынша сатып алу қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте кері «репо» шарттары ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздық түсім ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге қарыз шарттарында берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте көрсетілуін жалғастырады. Қарыз шарттарында тартылған бағалы қағаздар олар үшінші тұлғаларға сатылған кезде ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте көрсетіледі. Мұндай жағдайда сатып алу-сату мәмілесі жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте ескеріледі. Осындай бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме сауда операциялары жөніндегі міндеттемелердің құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдары

Компания өзінің әдеттегі қызметінің барысында валюта нарықтарында және капитал нарықтарында түрлі туынды қаржы құралдарын (оның ішінде, фьючерстер, форвардтар, своптар мен опциондар) пайдаланады. Осы қаржы құралдары саудаға арналады және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құн нарықтық баға белгілеудің немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнға әрі басқа да факторларға негізделген бағалау үлгілерінің негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құнымен - міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Аталған құралдармен жасалған операциялар бойынша пайда мен зиян саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза пайданың/(зиянның) немесе шетел валютасындағы операциялар бойынша таза пайданың/(зиянның) құрамында қаржы құралының түріне қарай (сауда операциялары) жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте көрсетіледі.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау

Компания жалға алушы ретінде

Компания, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. 2021 жылдың 31 желтоқсандағы және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау шарттары қысқа мерзімді немесе құны төмен активтерді жалдау болып табылды. Компания жалдау бойынша міндеттемелерді және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді танымады.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Компания төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады (бес мың долларға дейін). Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме мойындалған сомаларды есепке алуға заңи тұрғыдан қорғалған құқық болғанда және есеп айырысуларды нетто-негізде жүзеге асыруға не болмаса активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниет болғанда, қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте нетто-өлшемді ұсына отырып өзара есепке алынуға жатады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңи тұрғыдан қорғалуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- дефолт болған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте толық сомада көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай — қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен келетін ақшағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктіріусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Компания активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Компанияның бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру, активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең азы бойынша және Компанияның төленуіне берілуі мүмкін өтемақының ең көп мөлшері бойынша бағаланады. Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке шығарылған және/немесе сатып алынған опцион (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Компанияның одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері — әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша шығарылған пут-опционы (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) жағдайын қоспағанда, Компания өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Компанияның одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опционның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Есептен шығару

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Компания олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінің көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару мойындауды тоқтатуға жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеменің мойындалуы тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі түрлендірулер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы мойындай отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы компанияларды біріктіруді білдірмейтін және жүзеге асырылу сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін операция бойынша гудвилдің, активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есеп берушілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Уақытша айырманы қалпына келтіру уақытын бақылауға болатын және уақытша айырма таяу арада қалпына келтіріледі деген ықтималдық болған жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған табыс салығы еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығыстары ескерілмеген бастапқы құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бастапқы құны бойынша бастапқы мойындалғаннан кейін ғимараттар қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі, ол кейіннен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан кейіннен жинақталған залалдарды шегере отырып қайта бағалау күніне әділ құнды білдіреді. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасындағы елеулі алшақтықтарды болдырмау үшін жиі орындалады.

*(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)***3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Қайта бағалау күніне жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан түскен сома активтің қайта бағаланған сомасына сүйене отырып қайта бағаланады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, бұрын пайда немесе залал құрамында көрсетілген мұндай актив құнының алдындағы азаюын қалпына келтіру сомаларын қоспағанда, басқа да жиынтық кірістің құрамында негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетіледі. Мұндай жағдайда актив құнының ұлғаюы пайда мен зиян құрамында танылады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша мұндай азаюдың құнның алдыңғы өсіміне қарсы тікелей есепке алынуын қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен алынған сомаларды бөлінбеген пайда құрамына жыл сайынғы ауыстыру активтердің қайта бағаланған баланстық құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырма бөлігінде жүзеге асырылады. Актив есептен шығарылғанда қайта бағалау резервіне қосылған сома бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Нысанның амортизациясы оны пайдалануға қол жетімді болған кезде басталады. Амортизация активтерді дұрыс пайдаланудың келесі есептік мерзімі ішінде сызықтық әдіспен есептеледі:

	<u>Жылдар</u>
Ғимараттар	40
Машиналар мен жабдықтар	3-15
Көлік құралдары	6,7
Өзге	6-10

Тарату құны, пайдалы пайдалану мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және бұрынғы қалпына келтіру шығыстар оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күнгі олардың әділ құнын білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе шектелмеген мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясы кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында қайта қаралады.

Төменде материалдық емес активтердің бағаланған пайдалы қызмет ету мерзімдері келтірілген:

	<u>2021 жылы қолданылатын жылдардармен мерзімдер</u>
Ішкі жобаланған бағдарламалық жасақтама	6-9
Өзге бағдарламалық жасақтама және лицензиялар	5-8
Өзгесі	1-5

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Материалдық емес активтер (жалғасы)

Егер Компания материалдық есепті құратын болса, материалдық емес активті әзірлеу шығыстар материалдық емес активтің өзіндік құнына енгізіледі және шарт талаптарына сәйкес мақсатына лайық пайдалану үшін материалдық емес активтің толық дайын болмайынша аяқталмаған құрылыс күйінде ескеріледі. Ішкі құрылған материалдық емес активтің өзіндік құны материалдық емес актив алғаш рет тану критерийлеріне жауап беретін және активті мақсатына лайық пайдалануға әзірлеуге, құруға, өндіруге және дайындауға тікелей бөлінуі немесе ақылға қонымды әрі бірізді негізде жатқызылуы мүмкін күннен бастап болған келесі шығындар сомасын білдіреді:

- 1) материалдық емес активті құру кезінде пайдаланылған немесе тұтынылған материалдар мен қызметтерге жұмсалған шығындар;
- 2) жалақы мен активті құрумен тікелей айналысатын қызметкерлермен байланысты басқа да шығындар (Компания бағдарламалық өнімдерді пысықтаумен тікелей айналысатын қызметкерлерге сыйақыны осындай жұмыстар жоғарыда көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда атқарылған жұмыс туралы есептер негізінде капиталдандыруды жүзеге асырады);
- 3) заңды құқықты тіркеу үшін баждар, активті құру үшін пайдаланылған патенттер мен лицензиялар сияқты құрылатын активке тікелей қатысты кез келген шығындар.

Сатуға арналған ретінде жіктелетін активтер

Компания ұзақ мерзімді активтерді (немесе шығарылған топты), егер олардың баланстық құнын өтеу пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған ретінде жіктейді. Бұл үшін айналымнан тыс активтер (немесе шығарылатын топ) мұндай активтерді (шығарылатын топты) сатудың әдеттегі, үлгілік шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қол жетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуға тиіс. Сатудың жоғары ықтималдығы Компания басшылығының ұзақ мерзімді активті (немесе шығатын топты) сату жоспарын ұстануға деген нақты ниетін білдіреді. Бұл ретте сатып алушыны іздеу және осындай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-қимыл бағдарламасы басталуы қажет. Бұдан басқа, айналымнан тыс актив (немесе шығып қалған топ) оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген баға бойынша сатуға белсенді түрде ұсынылуға тиіс. Бұдан басқа, аяқталған мәміле ретінде сатуды көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтерді (немесе шығатын топты) жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде күтілуге тиіс.

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар

Еншілес ұйым – компанияның басқаруындағы серіктестік сияқты біртұтас емес ұйымды қоса алғанда, ұйым. Еншілес ұйымдарға инвестициялар құнсызданудан болатын залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша жеке қаржылық есептілікте ескеріледі.

Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Қауымдасқан ұйым-қызметіне компания елеулі ықпал ететін ұйым. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға инвестицияларды бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша танылады, содан кейін олардың баланстық құны сатып алынған күннен кейін инвестордың Инвестициялар объектісінің пайдасындағы немесе залалындағы үлесін тану есебінен ұлғаяды немесе азаяды. Инвестордың инвестиция объектісінің пайдасындағы немесе шығынындағы үлесі компания пайдасының немесе залалының құрамында танылады. Пайданы бөлу нәтижесінде Инвестициялар объектісінен алынған қаражат инвестициялардың баланстық құнын азайтады.

Клирингтік қатысушылардың қаражаты

Клирингтік қатысушылар қаражатының көп бөлігін келесі сауда күнінде операцияларды жүзеге асыру мақсатында Биржаның есепті күнгі корреспонденттік шоттарында орналастырылған валюта нарығы мүшелерінің ақшасы құрайды. Биржаның ішкі құжатына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидалары Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қыркүйектегі №26 шешімімен бекітілген, әрбір клирингтік қатысушы белгілі бір қамтамасыз ету деңгейін ұстап тұруы және Биржаның корреспонденттік шотында кепілдік жарнаның төленуін қамтамасыз етуі тиіс, сондықтан клирингтік қатысушылардың кейбірі сауда күнінің соңында ақша сомасын Биржаның корреспонденттік шотында қалдыруы тиіс. келесі сауда күнінде сауда-саттықты жүзеге асыру мақсатында Биржаның корреспонденттік шотына. Биржа мұны клирингтік қатысушылар алдындағы міндеттемелер деп таниды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері

Биржа биржалық сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер бойынша әрбір қатысушы үшін тарап бола отырып, қор, валюта нарықтарында және деривативтер нарығында орталық контрагент ретінде әрекет етеді және олардың нетто-негізде орындалуына кепілдік береді. Мұндай мәмілелер бойынша активтер мен міндеттемелер биржа бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес айқындайтын күнделікті есептік бағалар негізінде есептелген таза әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер орталық контрагенттің есепті кезеңнің соңындағы қор және валюта нарықтарындағы аяқталмаған мәмілелер бойынша активтері мен міндеттемелерін қамтиды.

Орталық контрагентті қамтамасыз ету

Биржа жеке және ұжымдық қамтамасыз ету жүйесін пайдалана отырып, қор, валюта нарықтарында және деривативтер нарығында қатысушылар алдындағы нетто-міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді. Қатысушыны жеке қамтамасыз ету клирингтік қатысушыға оның қаржылық жай-күйі негізінде айқындалатын берілген санатқа қарай толық не ішінара болуы мүмкін.

Ішінара қамтамасыз ету шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз етуі бар клирингтік қатысушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Биржа клирингтік шоттарда ескерілетін мәмілелер және осындай клирингтік қатысушылардың берген өтінімдері бойынша және белгілі бір биржалық нарықтар үшін Биржаның ішкі әдістемелерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып есептелетін нетто-міндеттемелерді ішінара қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ биржа қатысушылары мен олардың құрылтай құжаттарына сәйкес Биржа тиісті биржалық нарықтағы кепілдік жарна.

Клирингке қатысушының толық өтеу шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз ете отырып, міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Биржа осындай мәмілелерді жасасу нәтижесінде туындайтын қаржы құралдарындағы нетто-міндеттемелерді толық жабу жөніндегі талаптарды белгілейді. Толық өтемі бар клирингтік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Биржа осындай клирингтік қатысушының барлық клирингтік шоттары бойынша нетто-міндеттемелерді толық жабуға қойылатын талаптарды белгілейді.

Орталық контрагенттің ішінара қамтамасыз ету мөлшеріне қойылатын талаптары Биржаның ішкі әдістемелері негізінде есептеледі және клирингтік қатысушының орталық контрагент алдындағы барлық қаржы құралдарындағы нетто-міндеттемелерінің кредиттік және нарықтық тәуекелінің мөлшерін жабуға тиіс.

Қатысушылар Биржаның корреспонденттік шоттарына аударатын теңге мен АҚШ доллары қор нарығында, валюта нарығында және деривативтер нарығында ішінара қамтамасыз ету үшін қабылданатын қаржы құралдары болып табылады.

Қор нарығында қамтамасыз ету ретінде, ақшадан басқа, клирингтік қатысушылар биржада айналыстағы бағалы қағаздарды енгізеді. Осы бағалы қағаздар "бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-дағы әрбір депоненттің-қор нарығының клирингтік қатысушысының қосалқы шоттарындағы (клиенттік және жеке) "KASE" бөлімінде қамтамасыз ету ретінде есепке алынады, олар Биржаның активтері болып табылмайды және қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмейді. Клирингтік қатысушыны оның ашық позицияларын қамтамасыз ету үшін қамтамасыз ету және/немесе маржалық қамтамасыз ету жеткіліксіз болған кезде клирингтік қатысушы қосымша қамтамасыз етуді енгізу не ашық позициялар шамасының төмендеуіне алып келетін мәмілелер жасасу арқылы биржа қойған талапты орындауға міндетті.

Клирингке қатысушы қамтамасыз етусіз қамтамасыз етуді бермейді және кепілдік жарналарын төлемейді.

Клирингтік қатысушылардың алдында мәмілелердің орындалуын ұжымдық қамтамасыз ету клирингтік резервтік және кепілдік қорлар болып табылады. Резервтік қорлар әрбір биржалық нарық үшін Биржаның меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылады. Кепілдік қорлары клирингтік қатысушылар Биржаның корреспонденттік шотына есептейтін клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары негізінде қалыптастырылады. Белгілі бір биржалық нарықта орталық контрагенттің қатысуымен сауда-саттық режимдерінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін пайдаланылатын жекелеген кепілдік қорлары құрылуы мүмкін. Резервтік қорлар осы резервтік қор қалыптастырылған белгілі бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылады. Кепілдік қорларының қаражаты дефолтты реттеу шеңберінде биржалық нарықта жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерден басқа, Биржаның және/немесе оның клирингтік қатысушыларының қандай да бір өзге міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде пайдаланылмайды. Ұжымдық қамтамасыз ету жеке қамтамасыз ету құралдары жеткіліксіз болған жағдайда ғана пайдаланылады. Ұжымдық қамтамасыз етуді пайдалану тәртібі Компанияның ішкі құжаттарында көзделген.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері, егер Компания өткен уақыттағы белгілі бір оқиғаның салдарынан заңды немесе тәжірибеге негізделген міндеттемелерге ие болса, оларды реттеу үшін үлкен ықтималдықпен болашақ экономикалық пайдаларды қамтитын және жеткілікті сенімділік деңгейімен бағалауға болатын ресурстардың кетуі қажет болса, танылады.

Қызметкерлерге зейнетақы төлемдері және өзге де сыйақылар жөніндегі міндеттемелер

Компанияның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, жұмыс берушінің ағымдағы жарналарын қызметкерлерге ағымдағы жалпы төлемдердің пайызы ретінде есептеуді көздейтін қосымша Зейнетақы бағдарламалары жоқ. Бұл шығыстар тиісті жалақы жататын есепті кезеңде көрсетіледі. Сонымен қатар, Компания еңбек аяқталғаннан кейін қызметкерлерге айтарлықтай сыйақы төлемейді.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар және өтелуге жатпайтын артықшылықты акциялар дискрециялық дивидендтерге құқықтары бар меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Бизнесті біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптарға көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы азайту ретінде меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асып кету сомасы қосымша капитал ретінде көрсетіледі.

Меншікті сатып алынған акциялар

Компания компанияның акцияларын сатып алған жағдайда, пайдаға салынатын салықты шегергендегі мәміле бойынша тиісті шығындарды қоса алғанда, төленген өтем меншік капиталдың жалпы сомасынан меншікті сатып алынған акциялар ретінде олардың күші жойылған немесе қайта шығарылған кезге дейін шегеріледі. Мұндай акцияларды кейіннен сату немесе қайта шығару кезінде алынған өтем меншікті капиталдың құрамына енгізіледі. Меншікті сатып алынған акциялар орташа алынған құны бойынша есепке алынады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнгі меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмейді, бұл ретте оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығуы екіталай болып табылған жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмейді, бұл ретте олармен байланысты экономикалық пайданы алу ықтимал болып табылған жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түсім сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Кірісті қаржылық есептілікте тану үшін келесі өлшемдер де орындалуы керек:

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Компания кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме бұл дисконттау кезінде болашақ есептік ақшалай төлемдер немесе түсімдер қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе ол қолданылатын жерде неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны компания төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кіріс немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Комиссиялық кірістер

Компания клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер келесі екі санатқа бөлінуі мүмкін:

- *Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер*

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялар осы кезең ішінде орындауға тиісті міндеттердің орындалуына қарай есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер, листингтік және клирингтік алымдар, ақпараттық қызметтер, қашықтан қол жеткізу қызметтері және мүшелік жарналар кіреді.

- *Операциялар жасау бойынша қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кірістер*

Үшінші тарап тұлғасынан операция жасау жөніндегі келіссөздерді жүргізу немесе оған қатысу үшін алынған комиссиялар, мысалы, акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу кезінде компанияның орындау міндеті келісім жасау не бизнесті сатып алу немесе сату болып табылса, осындай операция аяқталғаннан кейін танылады. Орындауға белгілі бір міндеттермен байланысты комиссиялық (немесе комиссиялық төлемдердің бір бөлігі) тиісті өлшемдер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы өтеу көзделсе, комиссиялық кірістер ауыспалы өтеуге тән белгісіздікті кейіннен шешу кезінде түсімнің жинақтаушы қорытындысы деп танылған соманың айтарлықтай азаюы болмайтындай жоғары дәрежеде ғана танылады.

Дивидендтік кіріс

Компанияның төлемді алу құқығы белгіленген кезде кіріс танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Жекелеген қаржылық есеп берушілік Қазақстан теңгесінде ұсынылды, олар функционалдық валюта және Компанияның есептілігін табыс ету валютасы болып табылады, шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операция күні қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен шығындар «шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетіледі. Тарихи құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар операция күні қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

*(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)***3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)****Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)**

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен мұндай операция күніндегі ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша зиян шегеріле отырып, пайда құрамына енгізіледі. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанда ресми курстар:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
KZT/USD	431,8	420,91
KZT/EUR	489,1	516,79
KZT/RUR	5,76	5,62
KZT/GBP	583,32	574,88

4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар**Бағалаудың белгісіздігі**

Компанияның есеп саясатын қолдану барысында басшылық өз пікірін пайдаланды және жекелеген қаржылық есеп берушілік танылған сомаларды анықтау кезінде баға берді. Төменде пайымдау мен бағалауды қолданудың ең маңызды жағдайлары келтірілген.

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде айқындау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін пайдалана отырып айқындалады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде айқындалады; басқа жағдайда әділ құнды айқындау үшін пікірді қолдану қажет. Қосымша ақпарат 24-ескертпеде берілген.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Компания қаржы активтері мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастырады. Мұндай резервтердің мөлшерін компания қаржы активтеріне немесе олардың эмитенттеріне берілген кредиттік рейтингтерге, дебиторлық берешектің қалыптасу мерзімдері мен мөлшеріне қарай айқындайды.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңнің соңында Компания өзінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнын осындай активтердің құнсыздану белгілерін анықтау тұрғысынан тексереді. Басшылық ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде есепті күнге ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын белгілейді. Құнсыздану белгілері болған жағдайда Компания өтелетін құнды бағалайды. Өтелетін құн сатуға жұмсалған шығындар мен пайдалану құндылығы шегеріле отырып, әділ құнның ең үлкені ретінде айқындалады. Генерациялайтын бірліктің өтелетін құнын айқындау басшылықтың бағаларын пайдалануды көздейді. Пайдалану құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістерге ақшалай қаражаттың дисконтталған ағынының әдістері де кіреді. Пайдаланылатын әдіснамаларды қоса алғанда, бұл бағалаулар әділ құнға және сайып келгенде қаржылық емес активтердің кез келген құнсыздану сомасына немесе оны болашақ кезеңдерде қалпына келтіруге елеулі әсер етуі мүмкін. 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания тәуелсіз бағалаушыны тарта отырып, негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізді. Осы қайта бағалау қорытындылары бойынша негізгі құралдардың баланстық құны әділ құнға дейін жеткізілді. 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы және ішкі индикаторларды талдау нәтижелері бойынша Компания негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

Басшылық 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланған құн алдыңғы бағалау күнінен бастап айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады және тиісінше компанияның негізгі құралдарының баланстық құны олардың әділ құнына сәйкес/жақын деп санайды. 2021 жылдың 31 желтоқсанда Компания негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізген жоқ.

*(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)***4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар (жалғасы)***Сот талқылаулары*

ХҚЕС-ке сәйкес компания өткен оқиғалардың салдарынан ағымдағы міндеттеме болған жағдайда ғана резервтерді таниды, экономикалық пайданы беру мүмкін болады және оларды беруге арналған шығыстардың құны дұрыс бағалануы мүмкін. Осы өлшемдер орындалмаған жағдайларда резервтер есептелмейді, бұл ретте мұндай шартты міндеттеме жеке қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады. Қазіргі уақытта жеке қаржылық есептілікте көрсетілмеген немесе ашылмаған қандай да бір міндеттеменің туындауы компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Осы бухгалтерлік принципті сот талқылауларына қолдану Компания басшылығынан басшылықтың бақылауынан тыс түрлі нақты және заңды мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды талап етеді. Компания жеке қаржылық есептілікте резервтер құру қажеттілігін бағалау үшін олардың даму барысында өзгерістер пайда болғаннан кейін, сондай-ақ әрбір есепті күні шешілмеген сот талқылауларын қайта қарайды. Резервтерді құру туралы шешім қабылдау кезінде ескерілетін факторлардың қатарына талап қоюдың, айыппұлдың мәні, сот процесі және сот процесі жүріп жатқан юрисдикциядағы ықтимал залалдың сомасы, талап арыз берілуі немесе айыппұл салынуы, сот талқылауының барысы (оның ішінде жеке қаржылық есептілік күнінен кейін, бірақ ол жарияланғанға дейін), пікірлер немесе заң консультанттарының көзқарастары, осыған ұқсас талқылаулардың алдыңғы тәжірибесі және Компания басшылығының талап-арызға, шағымдарға немесе айыппұлға қалай жауап беруге қатысты кез келген шешімдері.

5. Комиссиялық кірістер

Комиссиялық кірістерге келесі позициялар жатады:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Комиссиялық алымдар	1.524.037	1.371.167
Листинг алымдары	837.673	839.787
Клиринг алымдары	1.168.984	389.073
Мүшелік алымдар	339.685	286.518
Ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кірістер	208.022	182.849
Техникалық алымдар	109.616	38.535
Комиссиялық кірістер жиыны	4.188.017	3.107.929

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте Компания шарт бойынша төмендегі активтерді және клиенттермен жасалған шарттарға байланысты шарт бойынша міндеттемелерді мойындады:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Шарт бойынша активтер (өзге активтер құрамында берілген)	414.613	303.450
Шарт бойынша міндеттемелер (алынған аванстар ретінде ұсынылған)	50.423	31.071

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

5. Комиссиялық кірістер (жалғасы)

Компания, әдетте, олар тиесілі операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден комиссия алады (белгілі бір уақытта орындау міндеттемесі орындалатын шарттар болған жағдайда, мысалы, биржадағы операциялар үшін комиссиялық сыйақы). Кезең ішінде орындалатын қызметтер (мысалы, листинг алымдары) ұсынылған жағдайда, Компания әдетте шарттың жалпы қолданылу мерзімінің тиісті бөлігіне қатысты соманы ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын аванспен алады.

Компания 15 ХҚЕС (IFRS) 121-тармағында көзделген практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындауға қалған міндеттер туралы ақпаратты ашпайды.

6. Пайыздық кірістер

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Инвестициялық бағалы қағаздар	2.706.523	2.012.007
«Кері репо» операциялары	275.757	306.393
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	64.675	120.841
Ақша қаражатының баламалары	20.072	33.793
Қаржы активтері бойынша пайыздық кірістің жиыны	3.067.027	2.473.034

7. Операциялық шығыстар

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар	1.720.396	1.599.377
Тозу және амортизация (16, 17-ескертпелер)	315.357	236.079
Әлеуметтік салық	161.014	151.072
Пайдаға салынатын салықтан басқа салықтар	139.718	130.958
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге техникалық қызмет көрсету	149.290	76.773
Банк қызметтері	7.328	62.176
Байланыс және SWIFT қызметі	36.362	27.373
Ақпараттық қызметтер	17.670	25.372
Бизнесі дамытуға арналған шығыстар	49.757	23.960
Мүшелік жарналар	20.698	16.193
Кәсіби қызметтер	45.699	14.206
Операциялық жалдау	24.175	13.700
Қызметкерлерді оқыту	27.836	7.460
Іссапар шығыстары	13.091	5.995
Сақтандыру төлемдері	11.347	1.100
Пошталық және курьерлік қызметтерге жұмсалған шығыстар	1.846	707
Өзге де шығыстар	123.832	60.356
Операциялық шығыстардың жиыны	2.865.416	2.452.857

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

8. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс төмендегі баптардан тұрады:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Корпоративтік табыс салығын есептеу – ағымдағы бөлік	300.597	182.926
Өткен жылдардағы корпоративтік табыс салығын түзету	24.689	4.112
Кейінге қалдырылған салықты есептеу - уақытша айырмалардың пайда болуы және азаюы	59.733	57.686
Өзге жиынтық табыстың құрамында танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде (негізгі құралдарды қайта бағалау)	–	(6.038)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	385.019	238.686

Компанияның табысына тек Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2021 және 2020 жылдары корпоративтік табыс салығының қолданылатын мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

Осы жеке қаржылық есеп берушілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін нормативтік салық мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар есепке алынғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып тексеру мынадай:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	4.300.232	3.122.161
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген салық	860.046	624.432
Өткен жылдардағы корпоративтік табыс салығын түзету	24.689	4.112

Салық салуға жатпайтын табыс:

Мемлекеттік бағалы қағаздар және өзге де бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(541.305)	(402.399)
Өзге салық салынбайтын кіріс	(2.795)	(788)

Шегерімге жатпайтын шығыстар:

Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	24.232	3.638
Мүшелік жарналар	3.681	2.879
Жалпы және әкімшілік шығыстар	6.683	2.306
Өзге	9.788	4.506
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	385.019	238.686

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысы төмендегі позицияларды қамтиды:

	<i>Уақыт айырмаларының пайда болуы және төмендеуі</i>			<i>Уақыт айырмаларының пайда болуы және төмендеуі</i>			
	<i>2019 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>Пайданың немесе зиянның құрамында</i>	<i>Өзге де жиынтық кірістің құрамында</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>Пайданың немесе зиянның құрамында</i>	<i>Өзге де жиынтық кірістің құрамында</i>	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері							
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер	12.645	45	–	12.690	1.533	–	14.223
Өзге	3.248	(3.248)	–	–	–	–	–
Кейінге қалдырылған салық активі	15.893	(3.203)	–	12.690	1.533	–	14.223
Салық салынатын уақытша айырмалардың салықтық әсері							
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(89.980)	(48.445)	(6.038)	(144.463)	(61.266)	–	(205.729)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(89.980)	(48.445)	(6.038)	(144.463)	(61.266)	–	(205.729)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер жиыны, нетто	(74.087)	(51.648)	(6.038)	(131.773)	(59.733)	–	(191.506)

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

9. Акцияға пайда

Акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған пайданың және жай акциялардың орташа өлшенген санының көрсеткіштері төменде келтірілген:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
Компания акционерлеріне келетін бір жылдағы таза пайда	3.915.213	2.883.475
Акцияға базалық пайданы айқындау мақсаттары үшін жай акциялардың орташа өлшенген саны	1.075.231	978.964
Акцияға базалық және бөлінген табыс (теңге)	3.641,28	2.945,44

10. Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты және оның баламалары келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Кассадағы қолма-қол ақша	–	166
Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар	53.043.475	41.429.103
ҚРҰБ корреспонденттік шоты	11.482.909	5.384.203
КНЗ бағалау резервін шегере отырып	(100.227)	(23.296)
Ақша қаражаты және оның баламалары	64.426.157	46.790.176

Банктердегі корреспонденттік шоттар мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
The Bank of New York Mellon	28.671.599	21.413.367
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	22.668.612	13.693.519
Citibank N.A.	883.739	5.801.945
«Altyn Bank JSC» АҚ	349.499	267.211
JPMorgan Chase Bank, N.A.	462.028	239.396
Өзге кредиттік ұйымдар	7.998	13.665
	53.043.475	41.429.103
КНЗ бағалау резервін шегере отырып	(100.227)	(23.296)
Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар	52.943.248	41.405.807

Ақша қаражаты мен оның баламаларының қалдықтарында 2021 жылдың 31 желтоқсандағы және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің немесе құнсызданудың тарлықтай өсу белгілері жоқ. Бір жыл үшін КНЗ бағалау резервтерінің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
1 қаңтарға КНЗ арналған бағалау резерві	(23.296)	(9.106)
Резервтің таза өзгеруі	(76.931)	(14.190)
31 желтоқсанға	(100.227)	(23.296)

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат және кері репо операциялары

Кредиттік ұйымдардағы қаражат мынадай түрде берілген:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
90 күннен артық мерзімге орналастырылған мерзімді депозиттер	–	1.300.000
КНЗ бағалау резервін шегере отырып	–	(3.523)
Кредиттік ұйымдардағы қаражат жиынтығы	–	1.296.477

2020 жылдың 31 желтоқсанда мерзімді депозиттер жылдық 9.00% номиналды пайыздық мөлшерлемен «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ орналастырылған 1.300.000 мың теңге сомасындағы қаражатты қамтыды. 2021 жылдың ақпан айында бұл депозиттер өтелді.

КНЗ бағалау резервтерінің бір жыл ішіндегі өзгерістеріне талдау төменде келтірілген:

	<i>2021 жыл</i>	<i>2020 жыл</i>
1 қаңтарға КНЗ арналған бағалау резерві	–	(3.773)
Резервтің таза өзгеруі	–	250
31 желтоқсанға	–	(3.523)

Кері репо операциялары төменде берілген:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Теңгемен	2.055.614	–
АҚШ долларымен	2.158.655	–
Кері репо операцияларының жиыны	4.214.269	–

12. Орталық контрагенттің қаржылық активтері мен міндеттемелері

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Репо операциялары және кері репо операциялары	4.245.488.596	1.423.667.918
Валюталық операциялар	87.274	1.379.773
Орталық контрагенттің қаржылық активтері мен міндеттемелерінің жиыны	4.245.575.870	1.425.047.691

Орталық контрагенттің қаржылық активтері валюталық операциялар мен репо операциялары бойынша дебиторлық берешекті, орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері – Компания орталық контрагент ролінде нарық қатысушыларымен жасасқан тиісті мәмілелер бойынша кредиторлық берешекті білдіреді.

Жекелеген контрагенттердің қарсы талаптары мен міндеттемелерін өзара есепке алу 32 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес жүргізіледі.

13. Инвестициялық бағалы қағаздар

Инвестициялық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ноталары	33.420.303	28.723.307
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	1.000.479	419.210
Корпоративтік облигациялар	–	–
КНЗ бағалау резервін шегере отырып	(41.439)	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	34.379.343	29.142.517

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

14. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға келесі позициялар жатады:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>		<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>	
	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сума</i>	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сума</i>
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	29,28	18.800	29,28	18.800
«Қырғыз қор биржасы» ЖАҚ	7,05	2.253	7,05	2.253
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	–	21.053	–	21.053

Компания өз қалауы бойынша үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды олар саудаға арналмаған негізде БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар ретінде сыныптады. Мұндай инвестицияларға биржалар мен клирингтік ұйымдардың капиталына міндетті салымдар жатады.

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ коммерциялық емес ұйым болып табылады. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның бақылаушы акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады, оның иелену үлесі 63,24%-ды құрайды. Компания басшылығы компания «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қызметіне айтарлықтай әсер етпейді деп санайды.

15. Қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар мынадай түрде берілген:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>		<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>	
	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сума</i>	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сума</i>
«РТРС» ЖШС	50	90.537	50	91.548

Толығырақ ақпарат 2-ескертпеде берілген.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

16. Негізгі құралдар

	<i>Ғимарат</i>	<i>Жер</i>	<i>Машиналар және жабдықтар</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Басқалар</i>	<i>Жиыны</i>
Қайта бағаланған құн						
2019 жылдың 31 желтоқсан	1.018.154	179.675	480.133	54.936	135.350	1.868.248
Түсімдер	-	-	121.581	-	7.478	129.059
Істен шығуы	(83.821)	(102.405)	-	2.536	-	(183.690)
2020 жылдың 31 желтоқсан	934.333	77.270	601.714	57.472	142.828	1.813.617
Түсімдер	-	-	169.292	1.454	3.875	174.621
Істен шығуы	-	-	(12.978)	-	-	(12.978)
2021 жылдың 31 желтоқсан	934.333	77.270	758.028	58.926	146.703	1.975.260
Жинақталған амортизация						
2019 жылдың 31 желтоқсан	(58.489)	-	(290.381)	(17.077)	(105.637)	(471.584)
Есептелген амортизация	(25.996)	-	(65.693)	(9.912)	(6.490)	(108.091)
Істен шығуы	84.485	-	-	26.989	-	111.474
2020 жылдың 31 желтоқсан	-	-	(356.074)	-	(112.127)	(468.201)
Істен шығуы	-	-	12.978	-	-	12.978
Есептелген амортизация	(26.074)	-	(59.061)	(17.778)	(9.809)	(112.722)
2021 жылдың 31 желтоқсан	(26.074)	-	(402.157)	(17.778)	(121.936)	(567.945)
Таза баланстық құны						
2019 жылдың 31 желтоқсанға	959.665	179.675	189.752	37.859	29.713	1.396.664
2020 жылдың 31 желтоқсанға	934.333	77.270	245.640	57.472	30.701	1.345.416
2021 жылдың 31 желтоқсанға	908.259	77.270	355.871	41.148	24.767	1.407.315

Компанияның меншігіндегі жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушының, Компания «тәуелсіз бағалау бюросы» ЖШС қызметтерін пайдаланды. Әділ құн нарықта ұсынылатын ұқсас объектілердің құнын негізге ала отырып, сондай-ақ дисконтталған ақша ағындары әдісін қолдана отырып айқындалады. Қайта бағалау күні - 2020 жылдың 31 желтоқсан. Жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құны туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 24-ескертпеде ашылады.

Егер жердің, ғимараттардың және көлік құралдарының құнын бағалау бастапқы құны бойынша есепке алу моделін қолдана отырып жүргізілсе, онда баланстық құн көрсеткіштері келесідей болады:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>			<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>		
	<i>Жер</i>	<i>Ғимарат</i>	<i>Машиналар және жабдықтар</i>	<i>Жер</i>	<i>Ғимарат</i>	<i>Көлік құралдары</i>
Бастапқы құны	1.628	1.023.223	61.424	1.628	1.023.223	61.424
Жинақталған амортизация	-	(130.035)	(39.286)	-	(232.357)	(30.073)
Таза баланстық құны	1.628	893.188	22.138	1.628	790.866	31.351

2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 283.974 мың теңгені құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанда: 274.992 мың теңге).

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

17. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс берілген:

	<i>Ішкі жобаланған бағдарламалық жасақтама</i>	<i>Басқа бағдарламалық жасақтама және лицензиялар</i>	<i>Өзге</i>	<i>Әзірлеу шығындары</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құны					
2019 жылдың 31 желтоқсан	194.721	691.955	5.831	2.293	894.800
Түсімдер	2.643	406.521	281	9.263	418.708
Жалақыны және өзге де шығындарды капиталдандыру	6.008	–	–	–	6.008
Есептен шығару	11.085	–	471	(11.556)	–
2020 жылдың 31 желтоқсан	214.457	1.098.476	6.583	–	1.319.516
Түсімдер	–	397.878	–	28.819	426.697
Жалақыны және өзге де шығындарды капиталдандыру	53.073	–	–	–	53.073
Аударымдар	–	13.056	–	(13.056)	–
2021 жылдың 31 желтоқсан	267.530	1.509.410	6.583	15.763	1.799.286
Жинақталған амортизация					
2019 жылдың 31 желтоқсан	(88.738)	(80.353)	(5.573)	–	(174.664)
Есептелген амортизация	(36.832)	(90.146)	(1.010)	–	(127.988)
Есептен шығару					
2020 жылдың 31 желтоқсан	(125.570)	(170.499)	(6.583)	–	(302.652)
Есептелген тозу	(47.937)	(154.698)	–	–	(202.635)
2021 жылдың 31 желтоқсан	(173.507)	(325.197)	(6.583)	–	(505.287)
Таза баланстық құны					
2019 жылдың 31 желтоқсанға	105.983	611.602	258	2.293	720.136
2020 жылдың 31 желтоқсанға	88.887	927.977	–	–	1.016.864
2021 жылдың 31 желтоқсанға	94.023	1.184.213	–	15.763	1.293.999

2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған материалдық емес активтердің бастапқы құны 90.160 мың теңгені құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанда: 45.614 мың теңге).

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

18. Берілген аванстар

2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген аванстар 574.519 мың теңгені құрады, оның ішінде 2018 жылдың 10 қазандағы стратегиялық келісім шеңберінде биржалық сауда-саттықты өткізу және клирингті жүзеге асыру үшін бағдарламалық өнімдерді сатып алуға 557 835 мың теңге мөлшерінде «Московская Биржа ММВБ - РТС» ЖАҚ (бұдан әрі-МОЕХ) берген аванс.

19. Өзге активтер мен міндеттемелер

Өзге активтер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Өзге қаржы активтері		
Алынуға жататын комиссиялық сыйақылар	162.063	139.586
Клиринг операциялары бойынша қызмет көрсетуден түскен кіріс	185.714	112.799
Ақпараттық қызметтерден алынатын кіріс	62.659	53.952
Алынуға жататын листингтік сыйақылар	17.800	10.762
Алынуға жататын мүшелік жарналар	6.414	1.304
Алынуға жататын қашықтан қол жеткізу қызметтерінен түскен кірістер	1.429	250
Алынуға жататын айыппұлдар мен өсімпұлдар	175	125
Өзге қаржы активтерінің жиыны	436.254	318.778
КНЗ бағалау резервін шегере отырып	(21.641)	(15.328)
Өзге қаржы активтерінің жиынтығы	414.613	303.450
Өзге қаржылық емес активтер		
Корпоративтік табыс салығынан өзге салықтар	21.212	8.637
Болашақ кезеңдердің шығыстары	11.574	7.415
Тауар-материалдық қорлар	13.650	6.379
Демалыстар бойынша берілген аванстар	5	1.371
Өзге	36	39
Өзге қаржылық емес активтер жиыны	46.477	23.841
Өзге де активтердің жиыны	461.090	327.291

Өзге міндеттемелер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Өзге қаржылық міндеттемелер		
Кредиторлық берешек	25.025	12.109
Төленуге жататын дивидендтер	2.203	2.203
Өзге қаржылық міндеттемелер жиынтығы	27.228	14.312
Өзге қаржылық емес міндеттемелер		
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер	71.113	63.448
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	86.192	3.090
Өзге	10.989	4.895
Өзге қаржылық емес міндеттемелер жиыны	168.294	71.433
Өзге де міндеттемелердің жиыны	195.522	85.745

20. Клирингтік қатысушылардың қаражаты

2021 жылдың 31 желтоқсандағы және 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клирингтік қатысушылардың қаражаты деривативтер нарығының клирингтік қатысушыларының нетто-міндеттемелерін, қор және валюта нарықтарының мәмілелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын кепілдік және маржалық жарналармен ұсынылды.

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Валюта және қор нарықтары бойынша қамтамасыз ету	85.698.345	63.511.191
Валюта нарығы бойынша кепілдік жарналар	652.000	701.000
Қор нарығы бойынша кепілдік жарналар	366.000	386.000
Деривативтер нарығы бойынша кепілдік жарналар	46.000	35.000
Деривативтер нарығы бойынша қамтамасыз ету	67.924	57.660
Клирингтік қатысушылар қаражатының жиыны	86.830.269	64.690.851

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

20. Клирингтік қатысушылардың қаражаты (жалғасы)

Қаражатты келесі клирингтік қатысушылар орналастырды:

	<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>
Қазақстандық Екінші деңгейдегі банктер	67.020.412	48.169.842
Өзге де қаржы ұйымдары	19.272.597	16.302.827
Халықаралық банктік есеп айырысу және несие институты	537.260	218.182
Клирингтік қатысушылар қаражатының жиыны	86.830.269	64.690.851

21. Жарғылық капитал

Компанияның жарғылық капиталы мынадай жай акциялардың санымен ұсынылады:

	<i>Шығарылған акциялар саны</i>	<i>Сатып алынған акциялар саны</i>	<i>Айналыстағы акциялар саны</i>	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Меншікті сатып алынған акциялар</i>
2020 жылдың 1 қаңтар	974.373	(13.329)	961.044	2.661.775	(62.076)
Жарғылық капиталды ұлғайту	100.858	–	100.858	1.527.255	–
2020 жылдың 31 желтоқсан	1.075.231	–	1.075.231	4.189.030	–
2021 жылдың 31 желтоқсан	1.075.231	–	1.075.231	4.189.030	–

2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың жалпы саны 5.000.000 дананы құрайды (2020 жылдың 31 желтоқсанда: 5.000.000 дана). 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған акциялар 1.075.231 дана көлемінде орналастырылды және толық төленді.

2020 жылдың 27 қазанда компанияның директорлар кеңесі 13 329 дана мөлшерінде бұрын сатып алынған акцияларды қоса алғанда, 119 000 жай акцияны орналастыру/сату туралы шешімді мақұлдады. Басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру шеңберінде «Bolashaq Trade Group» ЖШС 2020 жылдың 21 желтоқсандағы сатып алу-сату мәмілесі негізінде 5 683 жай акциясын сатып алды. 2020 жылдың 15 желтоқсанда компания мен МОЕХ 2018 жылдың 10 қазандағы Тараптар бұрын қол қойған стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру шеңберінде бір акция үшін 13.918,67 теңге бағасы бойынша компанияның 95.175 дана санындағы жай акцияларын және бұрын сатып алынған 13.329 дана санындағы акцияларды сату бойынша мәміле жасады. Акцияларды сату нәтижесінде алынған активтер жалпы сомасы 1.510.231.369 теңге 68 тиынға ақшалай қаражатпен ұсынылды.

Өзге резервтердің сипаты мен мақсаты*Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві*

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві жердің, ғимараттар мен көлік құралдарының әділ құнының ұлғаюын көрсету, сондай-ақ осы құнды азайту үшін, бірақ мұндай азаю бұрын меншікті капитал құрамында көрсетілген сол актив құнының алдыңғы ұлғаюымен байланысты шамада ғана пайдаланылады.

Әділ құн резерві

Бұл резерв БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруін көрсетеді.

Резервтік қор

Резервтік қор нарыққа қатысушылардың ықтимал дефолтын жабу үшін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қалыптастырылады. Компанияның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 сәуірдегі отырысында резервтік қорды 1.420.000 мың теңгеге ұлғайту туралы шешім қабылданды. 2021 жылдың соңында компания резервтік қордың жеткіліктілігіне бағалау жүргізді. Компания басшылығы құрылған резервтің жеткілікті екендігіне сенімді және 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтік қорды ұлғайту қажеттілігінің жоқтығы туралы мәлімдейді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

21. Жарғылық капитал (жалғасы)

Басқа резервтердің баптары бойынша қозғалыс

Төменде басқа резервтердің баптары бойынша қозғалыс берілген:

	<i>Әділ құн резерві</i>	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Резервтік қор</i>
2019 жылдың 1 қаңтарға	13	179.490	1.750.000
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	(13)	–	–
Негізгі құралдарды қайта бағалау	–	(72.216)	–
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болатын салықтық әсер	–	(6.038)	–
Салықтарды шегергендегі қайта бағалау резервінің амортизациясы	–	(403)	–
2020 жылдың 31 желтоқсанға	-	100.833	3.170.000
Салықтарды шегергендегі қайта бағалау резервінің амортизациясы	–	(9.847)	–
2021 жылдың 31 желтоқсанға	-	90.986	3.170.000

22. Шарттық және шартты міндеттемелер**Операциялық орта**

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына сай келетін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы болашақта көп жағдайда осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдап жатқан шараларының тиімділігіне байланысты болады.

Мұнай бағасының төмендеуі және теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты құбылмалылығы Қазақстан экономикасына теріс әсер етуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалады. Осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне және оның құнының өсуіне, сондай-ақ одан әрі экономикалық өсуге қатысты белгісіздіктің жоғарылауына әкелді, бұл Компанияның қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелері мен экономикалық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Компания басшылығы қазіргі жағдайда компанияның экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін тиісті шаралар қолданады деп санайды.

COVID-19 пандемиясының қазіргі жағдайына байланысты пандемияның одан әрі өршуіне және оның ұзақтығына, сондай-ақ жақын болашақта экономиканың қалпына келу деңгейіне қатысты белгісіздік сақталуда. Үкімет әртүрлі шаралар қабылдауды жалғастыруда және олардың ықпалы дамып келеді. Сондықтан компания басшылығы өсіп келе жатқан тәуекелдерді, сондай-ақ пандемия мен Үкімет қабылдаған шаралардың салдарын үздіксіз бағалауды жүзеге асырады.

Салық салу

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгертуге және жүйесіз қолдануға және түсіндіруге бейім. Қазақстандық заңдар мен компанияның ережелерін қазақстандық уәкілетті органдармен түсіндірудегі алшақтықтар қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкелуі мүмкін.

Қазақстандық заңнама және салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күші болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсіндіруі басшылық осы жекелеген қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде қолданған есепке алу саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалардан ерекшеленуі мүмкін, бұл банкте қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады. Компания басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және компанияның салық ұстанымы негізделген деп санайды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

22. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Сот талқылаулары

Әдеттегі қызмет барысында Компания сот талаптары мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, осындай талап қоюлар немесе талап қою нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болған кезде) компанияның қаржылық жағдайына немесе болашақтағы қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етпейді.

Шарттық және шартты міндеттемелер

31 желтоқсанда Компанияның шарттық және шартты міндеттемелері келесі позицияларды қамтыды:

	<u>2021 жылдың 31</u> <u>желтоқсан</u>	<u>2020 жылдың 31</u> <u>желтоқсан</u>
Шарттық және шартты міндеттемелер		
Күрделі шығындар бойынша міндеттемелер	-	77.873

2018 жылдың 10 қазанда Компания мен MOEX стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісімге сай Компания MOEX-тің бағдарламалық қамтылымын (KASE биржалық нарықтарындағы операцияларға қызмет көрсету үшін) пайдалану, MOEX-тің KASE үшін стратегиялық консалтинг қызметтерін көрсету құқықтарын сатып алады.

23. Тәуекелдерді басқару саясаты

Кіріспе

Тәуекелдерді басқару Биржа қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Биржаның қызметіне тән негізгі тәуекелдер:

- несие тәуекелі;
- операциялық тәуекел;
- нарықтық және жүйелі тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- құқықтық тәуекел;
- репутациялық тәуекел.

Биржа тәуекелдерді басқару бойынша тиімді және әсерлі процестің болуының маңыздылығын таниды. Биржа тиімді және әсерлі тәуекелдерді басқару саясатын қамтамасыз ету үшін негізгі мақсаты Биржаны бар тәуекелдерден қорғау және оған жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылатын тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаларын белгіледі. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: тәуекелдер көздерін анықтау, тәуекелдер деңгейлерін өзгерту, тәуекелдерді басқару саласындағы саясаттар мен ережелерді әзірлеу және лимиттерді орнату және кейіннен оларды сақтауды қоса алғанда, бақылау механизмдерін енгізу.

Тәуекелдерді басқару саясаты, сәйкестендіру, бағалау, тәуекелдік жағдайларды бақылау немесе әрекет ету тәртібі, сондай-ақ, Биржаның қаржылық және операциялық тәуекелдерін басқару тәртібі Биржаның тиісті ішкі құжаттарымен реттеледі.

Бұдан әрі Биржаның негізгі тәуекелдеріне қатысты сипаттама берілген.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілікті Директорлар кеңесі көтереді, алайда тәуекелдерді басқару және бақылау үшін жауапты жеке тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдердің барлық түрлері бойынша саясат тұжырымдамасы қағидаларын және лимиттерді бекіту тәуекелдерін басқару стратегиясын әзірлеуге жауаптылықта болады. Қосымша, Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың маңызды мәселелеріне жауапты және тәуекелдерге қатысты қабылданған тиісті шешімдердің орындалуын бақылайды және оларды бақылауды жүзеге асырады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Басқарма

Басқарма Биржадағы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге жауаптылықта болады.

Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет

Ең аз талап етілетін құрамын Басқарма айқындайтын Биржаның алқалы консультативтік органы, дербес құрамы Басқарма Төрайымының бұйрығымен бекітіледі. Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі қызметі талдауға, бақылауға және қаржы нарықтарындағы жағдайларға, Биржаның қызметіне, оның контрагенттері - Биржаның мүшелерінің, шығарушылардың және инвесторлардың қызметіне байланысты тәуекелдерді анықтау болып табылады.

Инвестициялық комитет

Биржаның алқалы органы, оның құрамын Басқарма бекітеді. Инвестициялық комитеттің негізгі функциялары биржа активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау бойынша инвестициялық шешімдер қабылдау және инвестициялауға байланысты қаржылық тәуекелдер деңгейін барынша азайтуды қамтамасыз ету болып табылады.

Тәуекелді азайту

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Компания пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы, акциялар бағасының өзгеру тәуекеліндегі, кредиттік тәуекелдегі, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позициялардағы өзгерістер салдарынан туындайтын позицияларды басқару үшін туынды және басқа да құралдарды пайдаланады. Компания өзінің кредиттік тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді пайдаланады.

Тәуекелдің аса шоғырлануы

Тәуекелдің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілген немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болған және экономикалық, саяси және басқа жағдайлардағы өзгерістер нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер еткен жағдайда туындайды. Тәуекелдің шоғырлануы белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін жағдайлардағы өзгерістерге Компания қызметінің нәтижелерінің салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Компанияның саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттарды қамтиды. Шоғырланумен белгіленген тәуекел басқарылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – өзінің клиенттері немесе контрагенттері шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан компанияның шығынға ұшырау тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді компания жеке контрагенттер бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген активтерді инвестициялау саясатына сәйкес активтердің түрлері, өтімділік дәрежесі, кірістілік деңгейі, мерзімділік бойынша әртараптандырылған қаржы құралдарының кірістілігі мен тәуекелі бойынша теңгерімді портфельдерін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Активтерді инвестициялау саясатына сәйкес Биржа ай сайын Биржаның инвестициялық портфельдеріне талдау жүргізеді, бұл ретте тәуекелдерді басқару бөлімі тоқсан сайын инвестициялық портфельдердің жай - күйіне және қаржы құралдарының дефолт ықтималдығын, сондай-ақ Биржаның инвестициялық портфельдерінің стресс-және бэк-тестілеуін айқындауды қоса алғанда, олардың тәуекелдерге ұшырағыштығына талдау жүргізеді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Орталық контрагентпен жасалатын операциялар

Орталық контрагенттің функцияларын орындай отырып, Биржа клирингтік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамау тәуекелдерін өз мойнына алуына және сонымен бір мезгілде әрбір адал клирингтік қатысушы алдындағы өз міндеттемелерін орындауына кепілдік беруіне байланысты кредиттік тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

Орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде кредиттік тәуекелді басқару мақсатында Биржа клирингтік қатысушылардың қаржылық жағдайына, Биржаның ішкі әдістемелеріне сәйкес айқындалған сенімділік деңгейі жоғары эмитенттердің ақшасы мен өтімді бағалы қағаздарын қамтитын қабылданатын қамтамасыз етудің түрлері мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейді. Биржа өзінің контрагенттерін сараланған бағалауды және қабылданған тәуекел деңгейін қамтамасыз ететін ішкі рейтингтер жүйесін әзірледі және үнемі жетілдіріп отырады. Контрагенттерді бағалау контрагенттердің қаржылық жағдайларын, ақпараттық ашықтық деңгейін, іскерлік беделін және өзге де қаржылық және қаржылық емес факторларды жан-жақты терең бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Биржа орталық контрагент ретінде әрекет ететін операцияларға байланысты кредиттік тәуекелді төмендету үшін Биржа халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және әртүрлі қорғау желілерінен тұратын қамтамасыз ету пулының көп деңгейлі каскадты құрылымын енгізді.

Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан Биржаның кредиттік тәуекелі Биржаның «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша сауда-саттық бойынша төлемдерді орындауы арқылы барынша азайтылады.

Құнсыздану

Компания инфляция деңгейін пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін толық алынбаған ақша қаражатын бағалау үшін күтілетін кредиттік шығындарды (ҰББ) есептейді. Оқа есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар:

Дефолт ықтималдығы *Дефолт ықтималдығы* - берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығын есептеу. Дефолт, егер активті тану тоқтатылмаса және ол әлі де портфельдің бөлігі болса, қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) *Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем* шартта немесе өзгеше түрде көзделген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын төлеуді қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді.

Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD) *Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі* белгілі бір уақытта дефолт туындаған жағдайда пайда болатын шығындардың есептік бағасын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесіндегі айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.

Дебиторлық берешекке қатысты Биржа Стандартта көзделген оңайлатылған тәсілді қолданады және активтің әрекет ету мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін кредиттік залалдар (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ) негізінде КНЗ бағалау резервін есептейді. Биржа қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген несиелік шығындардың бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын қолданды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздану (жалғасы)

Басқа борыштық қаржы активтері жағдайында КНЗ 12 айға есептеледі. Алайда, бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағаланады.

Дефолтты анықтау

Компания банктерде қаражатқа қатысты дефолт орын алды деп есептейді және егер операциялық күн жабылған сәтте жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті күндізгі төлемдер жүргізілмесе, оны жою бойынша дереу шаралар қабылдайды.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Компанияның қазынашылық қатынастарына қаржылық қызмет көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер, биржалар және клирингтік ұйымдар сияқты контрагенттермен қарым-қатынас кіреді. Мұндай қатынастарды бағалау үшін компанияның несиелік тәуекел бөлімі қаржылық есептілік және басқа сыртқы көздерден алынған мәліметтер, мысалы, сыртқы рейтингтер сияқты жалпыға қол жетімді ақпаратты талдайды.

Компания кредиттік рейтингтің келесі деңгейлерін пайдаланады:

<i>Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктің (Fitch) рейтингісі</i>	<i>Рейтинг деңгейінің сипаттамасы</i>	<i>Бүкіл мерзімге PD</i>
AA+ до AAA AA	Жоғары рейтинг	0-2%
A+ до AA- A-		
BBB+ BBB BBB- BB+		
BB- до BB B- до B+	Стандартты рейтинг	2-14%
CCC CCC- D	Стандартты деңгейден төмен рейтинг Құнсызданған	14-100% 100%

Кредиттік тәуекелге барынша ұшырау

Неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелді төмендетудің әсерін есепке алмағанда, туынды құралдарды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы жеке есеп баптарының баланстық құны осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл көрсетеді.

Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді, бірақ болашақта құнның өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін білдірмейді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)*Кредиттік тәуекел (жалғасы)**Кредиттік тәуекелге ең жоғары ұшырағыштық*

Бұдан әрі Биржаның қаржы активтерін кредиттік рейтингтер бойынша жіктеу берілген.

	<i>AA</i>	<i>AA-/A+</i>	<i>BBB</i>	<i>BBB-</i>	<i><BBB-</i>	<i>Кредиттік рейтинг берілмеген</i>	<i>Жиыны</i>
2021 жылдың 31 желтоқсан							
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты және оның баламалары	28.646.529	1.344.774	1.278	34.077.051	356.489	36	64.426.157
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	-	-	-	-	-	-
Кері репо операциялары	-	-	-	4.214.269	-	-	4.214.269
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	-	34.379.343	-	-	34.379.343
Өзге қаржы активтері	-	-	-	-	-	414.613	414.613
Жиыны	28.646.529	1.344.774	1.278	72.670.663	356.489	414.649	103.434.382
2020 жылдың 31 желтоқсан							
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты және оның баламалары	21.395.407	6.036.923	1.172	5.661.874	1.115	13.693.519	46.790.010
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	-	-	1.296.477	-	-	1.296.477
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	-	29.142.517	-	-	29.142.517
Өзге қаржы активтері	-	-	-	-	-	303.450	303.450
Жиыны	21.395.407	6.036.923	1.172	36.100.868	1.115	13.996.969	77.532.454

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - Компанияның төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы ең аз банк салымдарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

Өтімділік тәуекелін басқару

Орталық контрагенттің функцияларын атқару кезінде Өтімділік тәуекелін басқару шеңберінде Биржа келесі құралдарды пайдаланады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот бойынша валюта нарығындағы овердрафт, тікелей РЕПО операциялары және шартты түрде қысқа мерзімді валюталық своп деп аталатын шетел валютасымен атаулы операциялар.

Биржаның уақытша бос меншікті активтері екінші деңгейдегі банктердің салымдарына екі жылдан аспайтын мерзімге орналастырылды. Биржаның салымдары орналастырыла алатын екінші деңгейдегі банктердің тізбесін Биржаның инвестициялық комитеті тұрақты түрде қайта қарап, бекітіп отырды.

Бұл ретте инвестициялық портфельді құрайтын инвестициялау объектілерінің әртарапандырылуы Биржаның инвестициялық портфелінде өтелгенге дейін бірдей мерзімі бар қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде туындайтын залалдар тәуекелдерін болдырмау мақсатында жасалады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)**Өтімділік тәуекелі (жалғасы)***Өтімділік тәуекелін басқару (жалғасы)*

Биржаның саясатына сай сауда-саттыққа қатысушылардың қаражаты қандай да бір құралдарға орналастырылмай, Биржаның корреспонденттік шоттарында болады. Валюта нарығындағы биржалық сауда-саттықты өткізу барысында туындайтын өтімділік тәуекелі биржаның «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың нетто-талаптарының төлеміне төлемдерді орындауы арқылы азайтылады, бұл ретте есеп айырысу регламентін бұзған сауда-саттыққа қатысушыға ақша аударылмай, биржаның корреспонденттік шоттарында қалады. Сонымен бірге, мерзімді мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындарлау тәуекелін азайту мақсатында мерзімді нарыққа қатысушылар кепілдік қорларын, ал биржа — мөлшері ішкі әдістемелер бойынша есептелген резервтік қорды қалыптастырды.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсанға өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Компанияның қаржылық міндеттемелері көрсетілді.

2021 жылдың 31 желтоқсан	1 жылдан					Өтеу мерзімінсіз	Жиыны
	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	5 жылға дейін	5 жылдан артық		
Қаржылық міндеттемелер							
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	86.830.269	–	–	–	–	–	86.830.269
Өзге қаржылық міндеттемелер	25.025	–	2.203	–	–	–	27.228
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	86.855.294	–	2.203	–	–	–	86.857.497

2020 жылдың 31 желтоқсан	1 жылдан					Өтеу мерзімінсіз	Жиыны
	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	5 жылға дейін	5 жылдан артық		
Қаржылық міндеттемелер							
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	64.690.851	–	–	–	–	–	64.690.851
Өзге қаржылық міндеттемелер	12.109	–	2.203	–	–	–	14.312
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	64.702.960	–	2.203	–	–	–	64.705.163

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел — бұл Биржа ұшырағыш келетін пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау бағамдарының, қаржы құралдарына бағалардың өзгеруін қоса алғанда, нарықтық параметрлердің өзгеруі салдарынан, сондай-ақ орталық контрагентпен режимдерде жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қатысушылардың позицияларын, оның ішінде ашық позицияларын жою шығындары себебімен нарықтың төмен өтімділігінің салдарынан зиянның пайда болу тәуекелдері.

Нарықтық тәуекелді басқару үшін орталық контрагент қаржы құралдарының параметрлері-тәуекелін анықтау жүйесі, клирингтік қатысушылардың белгілі бір биржа нарықтарындағы ашық позицияларының лимиттері, ішінара қамтамасыз етумен клирингке қатысушылар үшін қамтамасыз ету /маржалық қамтамасыз ету жеткіліктілік бақылау, толық өтей отырып клирингтік қатысушылар үшін туындайтын міндеттемелердің толық өтелуін бақылау, ішінара қамтамасыз ете отырып клирингтік қатысушылардың қамтамасыз ету / маржалық қамтамасыз ету және нетто- позициялардың құнын қайта бағалау, қаржы құралын ішінара қамтамасыз етілген мәмілелерге жіберу үшін талаптарды белгілеу сияқты тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін пайдаланады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Биржаның қаржылық жағдайы мен ақша ағындары шетел валюталарын айырбастау бағамдарының құбылуы ықпалына ұшырағыш келеді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

23. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)**Нарықтық тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде Биржаның 31 желтоқсанға монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау жиынтық кіріс туралы жекелеген есепке теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (кейбір монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Меншікті капиталға әсер жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп әсерінен ерекшеленбейді. Кестедегі теріс сомалар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте немесе меншікті капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

	2021 жыл		2020 жыл	
	Валюта бағамының өзгеруі, %	Сялық салынғанға дейінгі табысқа әсері	Валюта бағамының өзгеруі, %	Сялық салынғанға дейінгі табысқа әсері
АҚШ доллары	14%	50.906	14%	48.887
	(-11%)	(39.998)	(11%)	(32.912)
Еуро	14%	(-10)	14%	(5)
	(-11%)	7	(11%)	4

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел — жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Биржа барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы биржа мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ бағалау процедураларын қарастырады. Тәуекелдерге мониторинг жасауды тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүзеге асырады. Биржаның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету саясаттары мен рәсімдері әзірленген.

24. Әділ құнды бағалау**Әділ құнның иерархиясы**

Компания әділ құнды анықтаудың және бағалау үлгісіне қарай ол туралы ақпаратты ашып көрсетудің келесі иерархиясын пайдаланады:

- ^a
- 1-деңгей: тиісті активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
 - 2-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға айтарлықтай әсер ететін барлық бастапқы деректер тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын басқа үлгілер.
 - 3-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға айтарлықтай әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта бақыланатын болып табылатын үлгілер.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Компания актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ әділ құн иерархиясындағы деңгейді айқындады.

Бастапқы деректерді пайдалана отырып әділ құнды бағалау

<i>2021 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>	<i>Әділ құны</i>	<i>Танылған пайда / (залал)</i>
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер							
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	–	21.053	21.053	21.053	–
Негізгі құралдар - жер, ғимараттар, көлік құралдары	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	–	1.026.677	1.026.677	1.026.677	–
Әділ құны ашылатын активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	2021 жылдың 31 желтоқсан	11.482.909	52.943.248	–	52.943.248	52.943.248	–
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	–	–	–	–	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	2021 жылдың 31 желтоқсан	34.379.343	–	–	34.379.343	34.430.667	51.324
Кері репо операциялары	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	4.214.269	–	4.214.269	4.214.269	–
Өзге қаржы активтері	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	–	461.090	461.090	461.090	–
Әділ құны ашылатын міндеттемелер							
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	86.830.269	–	86.830.269	86.830.269	–
Өзге қаржылық міндеттемелер	2021 жылдың 31 желтоқсан	–	–	27.228	27.228	27.228	–

Бастапқы деректерді пайдалана отырып әділ құнды бағалау

<i>2020 жылдың 31 желтоқсан</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>	<i>Әділ құны</i>	<i>Танылмаған пайда / (залал)</i>
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер							
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	–	21.053	21.053	21.053	–
Негізгі құралдар - жер, ғимараттар, көлік құралдары	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	–	1.069.075	1.069.075	1.069.075	–
Әділ құны ашылатын активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	2020 жылдың 31 желтоқсан	5.384.369	41.405.807	–	46.790.176	46.790.176	–
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	1.296.477	–	1.296.477	1.296.477	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	2020 жылдың 31 желтоқсан	29.142.517	–	–	29.142.517	29.152.006	9.489
Өзге қаржы активтері	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	–	303.450	303.450	303.450	–
Әділ құны ашылатын міндеттемелер							
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	64.690.851	–	64.690.851	64.690.851	–
Өзге де қаржылық міндеттемелер	2020 жылдың 31 желтоқсан	–	–	14.312	14.312	14.312	–

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Бағалау және болжау модельдері

Төменде солардың көмегімен қаржылық есеп берушілікте әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ әділ құны ашылып көрсетілмейтін, қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте әділ құны бойынша бағаланбайтын баптар сипатталған.

Әділ құны шамамен баланстың құнына тең болатын активтер.

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеуге негізделеді. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, кредиттік ұйымдардағы қаражаттың, клирингтік қатысушылар қаражатының, басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны осы секілді шарттар, несиелік тәуекелдер мен өтеу мерзімі бойынша болашақ ақша қаражаттарының ағынын дисконттау арқылы бағаланады.

Негізгі құралдар — Ғимараттар

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің және дисконтталған ақша ағындары әдісінің көмегімен айқындалды.

Нарықпен салыстырып тексеру әдісіне сай бағалаушы жасаған бағалау жылжымайтын мүліктің нақты объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерді ескере отырып едәуір түзетілген нарықтық операциялардың бағаларына негізделген.

Дисконтталған ақша ағындарының әдісіне сай әділ құн активті пайдалану мерзімінің ішінде иелік етілген байланысты пайда мен міндеттемелерге қатысты жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Бұл әдіске жылжымайтын мүлік объектісіндегі қатысу үлесі бойынша ақша ағындарының бірізділігін болжау жатады. Болжамды ақша ағындарының осы бірізділігіне қатысты нарықтық деректердің негізінде алынған дисконттау мөлшерлемесі қолданылады, соның нәтижесінде активпен байланысты кірістер ағынының келтірілген құны айқындалады.

Негізгі құралдар - жер

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің көмегімен айқындалды. Бағалау нақты жылжымайтын мүлік объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерге қатысты түзетілген нарықтық операциялардың бағаларына негізделгендігін білдіреді.

Едәуір байқалмайтын бастапқы деректер және әділ құны бойынша бағаланатын 3-деңгейлі қаржылық емес құралдардың басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдығы

Келесі кестеде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған Компания ғимараттарының әділ құнын бағалауының 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанға бақыланбайтын бастапқы деректердің өзгеруіне сезімталдылығы туралы жалпылама ақпарат көрсетілген:

2021 жыл

<i>Бақыланбайтын бастапқы деректер</i>	<i>Мәні</i>	<i>Бақыланбайтын бастапқы деректердің өзгеруі</i>	
		<i>Әділ құнға әсері</i>	
Дисконттау мөлшерлемесі	26,22%	+1%	(52.219)
		-1%	59.312

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

2020 жыл

<i>Бақыланбайтын бастапқы деректер</i>	<i>Мәні</i>	<i>Бақыланбайтын бастапқы деректердің өзгеруі</i>		<i>Әділ құнға әсері</i>
		<i>+1%</i>	<i>-1%</i>	
Дисконттау мөлшерлемесі	15,72%	+1%		(32.601)
		-1%		37.029

25. Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Төмендегі кестелерде қаржылық жағдай туралы жеке есепте қаржылық міндеттемелерге қарсы есептелген қаржылық активтер, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есепке алуға әкеп соқпайтын неттинг туралы бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің (ISDA, RISDA және сол сияқты) құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілген салдарлары көрсетілген:

	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылған қаржы активтерінің таза мөлшері</i>	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылған қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері</i>	<i>Өзара есеп айырысатын байланысты сомалар қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмеген</i>		<i>Таза сома</i>
			<i>Қаржы құралдары</i>	<i>Алынған ақшалай қамтамасыз ету</i>	
Қаржылық активтер					
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	4.245.575.870	–	(4.245.575.870)	–	–
Жиыны	4.245.575.870	–	(4.245.575.870)	–	–
Қаржылық міндеттемелер					
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	–	(4.245.575.870)	4.245.575.870	–	–
Жиыны	–	(4.245.575.870)	4.245.575.870	–	–

	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылған қаржы активтерінің таза мөлшері</i>	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылған қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері</i>	<i>Өзара есеп айырысатын байланысты сомалар қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмеген</i>		<i>Таза сома</i>
			<i>Қаржы құралдары</i>	<i>Алынған ақшалай қамтамасыз ету</i>	
Қаржылық активтер					
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	1.425.047.691	–	(1.425.047.691)	–	–
Жиыны	1.425.047.691	–	(1.425.047.691)	–	–
Қаржылық міндеттемелер					
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	–	(1.425.047.691)	1.425.047.691	–	–
Жиыны	–	(1.425.047.691)	1.425.047.691	–	–

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестеде оларды өтеудің күтілетін мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер берілген.

	2021 жылдың 31 желтоқсан			2020 жылдың 31 желтоқсан		
	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Ақша қаражаты және оның баламалары	64.426.157	–	64.426.157	46.790.176	–	46.790.176
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	–	–	–	1.296.477	–	1.296.477
Кері репо операциялары	4.214.269	–	4.214.269	–	–	–
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	4.245.575.870	–	4.245.575.870	1.425.047.691	–	1.425.047.691
Инвестициялық бағалы қағаздар	34.379.343	–	34.379.343	29.142.517	–	29.142.517
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын үлестік бағалы қағаздар	–	21.053	21.053	–	21.053	21.053
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар	–	12.852	12.852	–	12.852	12.852
Қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар	–	90.537	90.537	–	91.548	91.548
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	78.295	–	78.295	11.476	–	11.476
Негізгі құралдар	–	1.407.315	1.407.315	–	1.345.416	1.345.416
Материалдық емес активтер	–	1.293.999	1.293.999	–	1.016.864	1.016.864
Берілген аванстар	16.684	557.835	574.519	11.290	650.606	661.896
Өзге активтер	461.090	–	461.090	327.291	–	327.291
Жиыны	4.349.151.708	3.383.591	4.352.535.299	1.502.626.918	3.138.339	1.505.765.257
Клирингілік қатысушылардың қаражаты	86.830.269	–	86.830.269	64.690.851	–	64.690.851
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	4.245.575.870	–	4.245.575.870	1.425.047.691	–	1.425.047.691
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	191.506	191.506	–	131.773	131.773
Алынған аванстар	50.423	–	50.423	31.071	–	31.071
Өзге міндеттемелер	195.522	–	195.522	85.745	–	85.745
Жиыны	4.332.652.084	191.506	4.332.843.590	1.489.855.358	131.773	1.489.987.131
Таза позиция	16.499.624	3.192.085	19.691.709	12.771.560	3.006.566	15.778.126

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

27. Байланысты тараптармен операциялар

24 (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» ХҚЕС-ке сәйкес бір Тарап екінші Тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе елеулі дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптардың бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, Тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Компания мен өзге байланысты тараптар арасындағы операциялар туралы толық мәліметтер төменде ашылған:

	2021 жылдың 31 желтоқсан			2020 жылдың 31 желтоқсан		
	Бас ұйым	Өзге байланысты тараптар	Негізгі басқарушы персонал	Бас ұйым	Өзге байланысты тараптар	Негізгі басқарушы персонал
Ақша қаражаты және оның баламалары	11.482.909	22.668.612	–	5.384.203	13.693.519	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	33.420.306	–	–	28.723.307	–	–
Берілген аванстар	–	557.835	–	–	650.606	–
Өзге активтер	–	–	–	30.452	39.443	65
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	–	–	–	–	3.561.366	–
Алынған аванстар	–	3.340	–	–	1.505	–
Өзге міндеттемелер	–	3.433	784	–	3.012	9.598

2021 жылдың 31 желтоқсанда және 2020 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы жиынтық кіріс туралы есепте байланысты тараптармен операциялар бойынша туындаған мынадай сомалар көрсетілді.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	2021 жыл			2020 жыл		
	Бас ұйым	Өзге байланысты тараптар	Негізгі басқарушы персонал	Бас ұйым	Өзге байланысты тараптар	Негізгі басқарушы персонал
Қызмет көрсетуден түскен түсім	184.120	439.404	–	313.574	444.784	–
Пайыздық кірістер	–	–	–	1.992.200	–	–
Дивидендтерден түсетін кіріс	–	13.977	–	–	3.941	–
Өзге кірістер	–	–	–	–	–	–
Операциялық шығыстар	–	(260)	–	–	(93.794)	–

Негізгі басқарушы персонал мүшелеріне сыйақы төмендегідей берілген:

	2021 жыл	2020 жыл
Атқарушы орган мүшелерінің сыйақылары	186.272	232.904
Басқару органының сыйақылары	52.958	52.772
Өзге лауазымды тұлғалар	13.945	12.116
Әлеуметтік салық	17.032	27.804
Жиыны	270.207	325.596

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Қазақстанда 2022 жылдың қаңтар айының басында баға белгілеудің нарықтық тетігіне көшуге байланысты сұйытылған газ бағасының күрт көтерілуі аясында наразылықтар басталды. Наразылықтар Қазақстанның батысындағы газ өндіретін Жаңаөзен қаласында басталып, кейіннен Алматы мен елдің басқа қалаларына да тарады. Наразылық білдірушілер экономикалық талаптардан үкіметтің отставкаға кетуіне қатысты саяси талаптарға көшті. 4-5 қаңтарда Алматыда наразылықтар жаппай тәртіпсіздіктерге, соның ішінде үкімет ғимараттарын өртеуге және тонауға көшті, ал билік қаланы бақылауды жоғалтты. Қазақстанда төтенше жағдай жарияланды. Қазақстан Президентінің сұрауы бойынша 6 қаңтарда ҰҚШҰ операциясы жарияланып, соның салдарынан 7 қаңтарда Қазақстан билігі елдегі тәртіптің қалпына келтірілгені туралы хабарлады.

Мұндай жағдайларда Компанияның жұмысы қатысушыларға 2022 жылдың 5 қаңтарда сауда және есеп айырысу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылды, бұл ретте қызметкерлердің физикалық қатысуы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барынша азайтылды. Сондай-ақ, интернет-байланысты жоғалту тәуекелін ескере отырып, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен резервтік байланыс арнасына ауысу жасалды, бұл тіпті интернетті ажыратқаннан кейін де клиринг пен есеп айырысуды аяқтауға мүмкіндік берді. 2022 жылдың 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) бірлесіп бұйрықпен банктерді, брокерлік ұйымдарды, биржаны, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ мен «Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ны қоса алғанда, қаржы нарығының барлық субъектілерінің қызметін 2022 жылдың 6 қаңтардан бастап уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

2022 жылдың 6 қаңтарда есеп айырысу күнімен 2022 жылдың 10 қаңтарда есеп айырысудың келесі күніне қор және валюта нарықтарының барлық мәмілелері бойынша міндеттемелерді/талаптарды орындау күнін ауыстыруды жүзеге асыру қажеттілігі туралы 2022 жылдың 6 қаңтарда шешім қабылданды. 2022 жылдың 9 қаңтарда ҚРҰБ «Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ақпараттық хабарлама жариялады, онда Интернеттің тұрақсыз жұмысына және Алматы мен өзге де өңірлерде жалғасып жатқан терроризмге қарсы операцияға байланысты банк жүйесінің жұмысын қалпына келтіру халық пен бизнес үшін банк сервистерінің басымдығы мен әлеуметтік маңыздылығын негізге ала отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатыны көрсетілді.

Жалғасып жатқан төтенше жағдай режиміне және коменданттық сағаттың шектеулеріне және одан әрі террористік қауіптіліктің жоғары деңгейінің сақталуына байланысты 2022 жылдың 10-21 қаңтар аралығында биржада барлық биржалық нарықтарда сауда-саттық өткізудің қысқартылған регламенті қолданылды.

2022 жылдың 21 ақпанда Ресей Федерациясы бұрын танылмаған Донецк және Луганск халық республикаларының тәуелсіздігін мойындады. 24 ақпанда Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Донбасс республикалары басшыларының үндеуіне жауап ретінде арнайы әскери операция жасау туралы шешім қабылдады. Ресей Федерациясының әрекеттері әлемдік қоғамдастық пен халықаралық ұйымдардың көптеген елдерін айыптады. Әскери операция Ресей Федерациясына қарсы жаңа халықаралық санкцияларға, соның ішінде елді әлемдік экономикадан ішінара оқшаулауға, Ресей Федерациясының бірқатар спорттық және басқа да халықаралық іс-шараларға қатысуын шектеуге әкелді. Әлемдік ауқымда жоғарыда аталған санкциялар халықаралық сауданың төмендеуіне және азық-түлік пен энергия бағасының күрт өсуіне әкелді.

Батыс елдерінің жауап ретіндегі санкциялары Ресей Федерациясы мен Қазақстандағы қор нарықтарына қатты әсер етті. Биржа индексінің мәні ақпан айының қорытындысы бойынша 3361,98 пунктке (минус 5,28%) дейін төмендеді. Теңгенің долларға шаққандағы бағамы бір сауда сессиясында 6,6%-ға төмендеді. Бірнеше күн бойы қор нарығындағы сауда-саттық жабылып, содан кейін Биржаның барлық алаңдарының жұмысы қалпына келтірілді. 1 наурыздан бастап биржа Ресей эмитенттерінің бағалы қағаздарының олармен операцияларға енгізілген шектеулермен сауда-саттығын тоқтатты.

Курсқа қысымды төмендету мақсатында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 10,25% -дан 13,5% - ға дейін шұғыл арттырды. Қазақстанның қаржы нарығына қысымның артуы жағдайында Ұлттық Банк пен Үкімет бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыруға кірісті.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар (жалғасы)

Ресей Федерациясының әскери операциясы Компанияның қызметіне шектеулі әсер етті. Атап айтқанда, Биржа санкцияларға ұшыраған банктерде ашылған корреспонденттік және ағымдағы шоттар бойынша операцияларды тоқтатты. Оның ішінде, биржа кредиттік және бедел тәуекелдерін төмендету мақсатында Меншікті портфельін, клирингілік қатысушыларды қамтамасыз ету портфельін және клирингтік қорлар портфельін инвестициялау бойынша брокерлік қызметтер көрсететін ұйымды ауыстыру бойынша жұмыс жүргізді. «Halyk Finance» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ-мен және «Halyk Global Markets» АҚ-мен номиналды ұстау ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік қызметтерді көрсетуге шарттар жасалды.

Компания басшылығы Ресей Федерациясының Украинадағы әскери операциясына байланысты оқиғалар Компания қызметінің үздіксіздігіне әсер етпейді деп санайды, бірақ Ресейге қарсы санкциялар Компанияның қызметіне сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге бағаны көтеру түрінде әсер етуі мүмкін.

Компания «eTrade.kz» ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде серіктестіктің жарғылық капиталын 153.150.000 теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылдады (29.11.2021 жылдың Биржаның Директорлар кеңесі отырысының №67 хаттамасы). Биржа басшылығы «eTrade.kz» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта құру жолымен «KASE клирингтік орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы шешім қабылдады (28.03.2022 жылдың Биржаның Директорлар кеңесі отырысының №10 хаттамасы).